

# УНИВЕРСИТЕТ ТЫНЫСЫ

№1 (341)



27 АҚПАН 2026 ЖЫЛ

Газет 1996 жылдан бастап шығады

**БҮГІНГІ НӨМІРДЕ**

**ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДАМУЫНЫҢ  
ЖАҢА БАҒДАРЫ – БІЛІМ МЕН  
ҒЫЛЫМ**



2

**ХАЛЫҚТЫҢ ТАҢДАУЫНА  
НЕГІЗДЕЛГЕН ТАРИХИ  
ҚАДАМ**



3

**ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯ  
ЖАҢА ҚАДАМ**



3

**ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯНЫҢ  
ЖОБАСЫ  
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ  
РЕФЕРЕНДУМҒА  
ШЫҒАРЫЛДЫ**



4

**БІЛІМ БЕРУ САПАСЫН  
АРТТЫРУ МЕН БОЛАШАҚ  
ЖОЛЫНДАҒЫ МАҢЫЗДЫ  
КЕЗДЕСУЛЕР ӨТТІ**



8

**МЕЖДУНАРОДНАЯ  
ЗИМНЯЯ ШКОЛА – 2026**



8

**ЖЫРДАН ЖАРАЛҒАН  
ТҰЛҒА**



8

**ТАҒАЙЫНДАУ**

## М.Х. ДУЛАТИ АТЫНДАҒЫ ТАРАЗ УНИВЕРСИТЕТІНЕ ЖАҢА БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫ – РЕКТОР ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбектің 2026 жылғы 9 ақпандағы №8 ж/қ бұйрығымен әрі Республикалық комиссияның шешімімен М.Х.Дулати атындағы Тараз университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры болып заң ғылымдарының докторы, профессор Ләззат Қалымбекқызы Еркінбаева тағайындалды.



Жаңа басшыны университет ұжымына Қазақстан Республикасының ғылым және жоғары білім вице-министрі Талғат Ешенқұлов таныстырып, жұмыстарына сәттілік тіледі.  
Ләззат Қалымбекқызы Еркінбаева 1967 жылы 14 тамызда Жамбыл облысы, Луговой ауданында дүниеге келген.

1989 жылы С.М.Киров атындағы Қазақ Мемлекеттік университетінің заң факультетінің «Құқықтану» мамандығы бойынша бітірген.  
Еңбек жолын Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде бастаған.  
Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде ассистент, аға оқытушы,

доцент, кафедра меңгерушісі ретінде еңбек еткен.

Сондай – ақ, І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің бірінші проректоры, Оқу-әдістемелік жұмыстары бойынша проректоры, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде профессор, және Басқарма мүшесі – академиялық мәселелер жөніндегі проректор, М.Х. Дулати атындағы Тараз университетінің Басқарма мүшесі академиялық мәселелер жөніндегі проректоры қызметтерін атқарған.

Ғылыми-педагогикалық және басқарушылық тәжірибесі мол, білім беру сапасын арттыруға бағытталған жүйелі еңбегімен танымал. Жазған ғылыми еңбектерінің жалпы саны – 130, оның ішінде 19 оқу құралы және 15 монография.

Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігінің гранттық ғылыми жобаларына қатысу және басшылық ету тәжірибесі бар. Қазақстан Республикасының заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілерінің бірқатар жобаларын әзірлеуші және БҰҰДБ, ЕҚЫҰ сарапшысы болған.

2023 жылдың ақпан айынан бастап Қазақстан Республикасы жаңадан құрылған Конституциялық сотының сарапшысы болып сайланды.

2009 және 2010 жылдары Қазақстанның құқықтық ғылымын дамытуға қосқан үлесі үшін Қазақстан Республикасы Білім және жоғарғы ғылым министрлігінің «Қазақстан Республикасының ғылымына



сiңiрген еңбегi үшiн» төсбелгiсiмен марапатталды.

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының құқықтық жүйесін дамытуға қосқан үлесі үшін «Қазақстан Республикасының Конституциясына 10 жыл», «Қазақстан Республикасының Парламентіне 10 жыл», «Қазақстан Республикасының Конституциясына 20 жыл», «Қазақстан Республикасының Конституциясына 25 жыл» мерекелік медальдарымен марапатталған.

1998 жылы Жамбыл университеті, Жамбыл жеңіл және тамақ өнеркәсібі технологиялық институты және Жамбыл гидрометеорологиялық институты бірігуі негізінде М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті ашылған болатын.

Жаңадан тағайындалған М.Х. Дулати атындағы Тараз университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Еркінбаева Ләззат Қалымбекқызы Дулати университеті тарихындағы алғашқы әйел басшы.

Заң ғылымдарының докторы, профессор Ләззат Қалымбекқызы саналы ғұмырын ғылым мен білімге арнап келе жатқан тұлға.

**КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ РЕФОРМА**

## ЕЛ БОЛАШАҒЫНА АРНАЛҒАН МАҢЫЗДЫ ЖОБА ТАЛҚЫЛАНДЫ

Конституцияның жаңа редакциясын талқылау және әзірлеу шамамен жарты жыл уақытты алды.

Іс жүзінде талқылау Мемлекет басшысы 2025 жылғы 8 қыркүйекте Қазақстан халқына Жолдауында парламентті реформалау бастамасын жариялаған кезден басталды.

Осы мақсатта өткен жылдың қазанында парламенттік реформа жөніндегі Жұмыс тобы құрылып, ол заңнамаға өзгерістер енгізу мәселелерімен тұрақты айналысты.

Сонымен бірге парламенттік реформаны қоғамдық талқылау тек Жұмыс тобымен шектелген жоқ. Өткен жылдың қазанынан бастап e-Otinish және eGov платформаларындағы «Парламенттік реформа» бөлімі арқылы азаматтардан, сарапшылардан және қоғамдық ұйымдардан жүздеген ұсыныс келді.

Бұдан басқа, саяси партиялар мен басқа да қоғамдық ұйымдардан қолданыстағы Конституция ережелерін қайта қарауға байланысты 1600-ден астам ұсыныс түсті.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев үстiмiздегi жылдың 20 қаңтары күні Сыр өңірінде өткен Ұлттық құрылтайдың бесінші отырысында еліміздің саяси жүйесіндегі мемлекеттік билік реформаларын енгізу үшін Конституциялық реформа жасау қажеттілігі туындап отырғанын айтқан болатын. Бұл жөнінде, «Біз, шын мәнінде, жаңа Конституция қабылдаумен пара-пара қадам жасағалы тұрмыз» – деп атап өткен.

Осы негізде Конституциялық реформа жүргізу және Конституциялық комиссия құру туралы шешім қабылданды.

Конституцияға өзгеріс енгізу – мемлекет негізіне және қоғамдық келісімге тікелей қатысты мәселе.

Бұл ретте арнайы Конституциялық комиссия Конституцияның жаңа редакциясын талқылау және әзірлеу, өзгерістер енгізу жұмыстарымен айналысты. Конституциялық комиссия барлық түскен ұсыныстар мен талқылаулар негізінде өзара келісілген және Конституция мәтініне енгізілген түзетулердің жинақталған жобасын дайындады.

Қазіргі таңда жұртшылыққа ұсынылып отырған жобада Кіріспе, 11 бөлім және 96 бап бар. Екі жаңа бөлім енгізілді: «Халық кеңесі» және «Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу».

Төрт бөлімнің атауы өзгерді:  
- «Жалпы ережелер» – «Конституциялық құрылыс негіздері»;  
- «Адам және азамат» – «Негізгі құқықтар, бостандықтар мен міндеттер»;  
- «Парламент» – «Құрылтай»;  
- «Соттар және сот төрелігі. Прокуратура. Адам құқықтары жөніндегі уәкіл» –



«Сот төрелігі. Прокуратура. Құқық қорғау тетіктері».

Жалпы, 77 бапқа түзету енгізілді, бұл Конституция мәтінінің 84 пайызын құрайды. Осылайша өзгерістер мен толықтырулар Негізгі заңның барлық бөлімін қамтиды.

Бөлімдердің атауларын өзгерту немесе баптардың тұжырымдарын нақтылау – жай редакциялық түзету емес, бұл тұжырымдамалық тәсілді жаңартатын, құқықтық нақтылықты күшейтетін және Негізгі заңның сапасын арттыратын терең ойластырылған қадам.

Мемлекет іске қосқан кері байланыс тетіктері азаматтар тарапынан белсенді қолданылып, Конституциялық реформаға қатысты қоғамның түрлі көзқарастары мен нақты сұраныстарын ескеруге мүмкіндік берді.

Жаңа Конституцияның жобасын жұртшылыққа түсіндіру мақсатында ақпараттық-насихаттық топтар құрылып, халықпен кездесулерді бастап кетті.

Ел болашағы үшін маңызды жобаны, елімізде жүргізіліп жатқан ауқымды саяси реформаларды түсіндіру және білім саласы өкілдерімен талқылау мақсатында Жамбыл облысының әкімі Ербол Қарашөкеев М.Х. Дулати атындағы Тараз университетінде болып, профессор-оқытушылар құрамымен кездесті.

Жиын барысында облыс әкімі Ербол Қарашөкеев Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен қолға алынған парламенттік реформа туралы түсіндірме баяндады. Атап айтқанда, 2025 жылғы 8 қазанда Парламенттік реформаны іске асыру жөніндегі жұмыс тобы құрылғаны, оған ғалымдар, сарапшылар, саяси партиялар мен қоғамдық ұйым өкілдері енгені айтылды.

Реформаны талқылау үдерісіне азаматтар е-Otinish және eGov порталдары арқылы белсенді қатысып, екі мыңнан астам ұсыныс түскені жайлы сөз қозғалды. Сонымен қатар, 2026 жылғы 21 қаңтарда 130 адамнан тұратын Конституциялық комиссия құрылғаны, комиссия жұмысы барысында Конституцияның барлық негізгі ережелері қайта қаралғаны мәлімделді.

Ұсынылған түзетулер Конституцияның 77 бабын қамтып, Ата Заң мәтінінің 84 пайызына өзгеріс енгізуді көздейді. Осыған байланысты еліміздің жаңа Конституциясын әзірлеу мәселесі күн тәртібіне шығарылды.

Кездесуде жаңа Конституция жобасының басты бағыттары – адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау, әділеттілік, заң мен тәртіп қағидаттарын нығайту, білім мен ғылымды, инновация мен цифрландыруды дамыту мәселелері кеңінен қозғалды. Сондай-ақ, азаматтардың цифрлық ортадағы құқықтарын қорғау нормалары алғаш рет Конституция деңгейінде бекітілетіні айтылды.

Жаңа жалпыұлттық диалог алаңы – Қазақстанның Халық Кеңесін құру, бір палаталы, 145 депутаттан тұратын Құрылтай Парламентін қалыптастыру мәселелері де танытырылды.

Жиын барысында университет оқытушылары Айсулу Тұрарова мен Ерлан Сарымбетов қысқаша пікір білдіріп, жүргізіліп жатқан реформалардың маңыздылығына тоқталды.

Кездесу соңында облыс әкімі Ербол Қарашөкеев жаңа Конституция жобасын қоғам, әсіресе жастар арасында кеңінен түсіндіруде профессор-оқытушылар құрамының рөлі ерекше екенін атап өтті. Сонымен қатар, түпкілікті шешім жалпыұлттық референдум арқылы қабылданытыны еске салынды.

Ал, профессор-оқытушылар мен білім саласының өкілдері Конституциялық реформаға қатысты өз пікірлері мен ұсыныстарын білдіріп, болашақта жаңа Ата Заң жобасын студенттер арасында түсіндіруде белсенділік көрсетуге ниеттерін жеткізді.

Қорыта айтқанда, жаңа Конституция жобасы – өткеннің қисынынан шығып, посткеңестік кеңістіктен тыс, заманауи мемлекет моделіне көшуге жасалған талпыныс. Жаңа Конституцияның жобасына сәйкес, біріншіден, ол кеңестік стильден – ауыр, өктем, бюрократиялық тілден бас тартады. Оның орнына Конституцияның шенеуніктерге арналған нұсқаулық емес, қоғамның ортақ келісімі ретінде түсіндіретін айқын әрі түсінікті логика қалыптасады.

Екіншіден, жаңа модель анағұрлым теңгерімді. Онда тежемелік әрі тепеңдік принципі нығайтылады, институттардың рөлі нақтыланады, биліктің бір орталыққа шоғырлануы азаяды.

Үшіншіден, Конституция алғаш рет өзіміздің кім екенімізді және ерекшелігімізді көрсетеді. Ұлттық ерекшелігіміз, өткен тарихымыз, қоғамдық құндылықтарымыз басты орынға қойылады. Бұл жай декларация емес, кім екенімізді және қайда бет алғанымызды заң тұрғысынан бекіту.

Ең маңыздысы, жаңа Конституцияның төрінде – адам тұр. Адам құқықтары мен бостандықтары бүкіл жүйенің іргетасы. Яғни, мемлекет өз мүддесі үшін емес, азаматтың қадір-қасиеті, қауіпсіздігі және өзін ашу мүмкіндігі үшін қызмет етеді.

Ата Заңға енгізілетін бұл өзгерістер ел болашағы үшін аса маңызды. Сондай-ақ, еліміздің дамуына зор серпін береді, оның әлеуетін арттыра түседі деп сенеміз.

## ИССАПАР

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДАМУЫНЫҢ  
ЖАҢА БАҒДАРЫ – БІЛІМ МЕН ҒЫЛЫМ

Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек 2026 жылғы 15 наурызда өтетін Республикалық референдумды қолдау мақсатында құрылған «Әділетті және прогрессивті Қазақстанның халықтық Конституциясы үшін!» Жалпұлттық коалиция құрамында Жамбыл өңіріне келіп, М.Х.Дулати атындағы Тараз Университетінде болды. Университеттің профессорлық-оқытушылар құрамымен және студент жастармен кездесу өткізіп, заманауи ғылымиың келешегі, еңбек нарығының өзгерісі және білім берудегі жаңа трендтер туралы дәріс оқыды.

Өз сөзінде: «Тәуелсіз еліміздің 35 жылдық тарихы бар. Көзді ашып-жұмғанша тәуелсіз мемлекетіміз 35 жылдық жолдан өтті. Ел егемдігін алған алғашқы жылдары қабылданған Конституциялар кезінде заман басқаша еді. Ол Ата Заң сол уақыттың талабына сай қабылданып,

халыққа қызмет етті. Қазір заман өзгерді. Адамның ой-өрісі, технология қарыштап дамыды. Қоғам күнделікті өзгеруде. Бұны әсіресе, жастар тереңірек түсінудің қажеті бар. Бір сөзбен айтқанда біз үлкен түбегейлі ғылыми - технологиялық революцияның алдында тұрмыз. Қоғамға

жасанды интеллект, робототехника, биомедицина, биотехнологиялар деңдеп енді. Әлем өзгеріп жатыр. Біз алдағы үлкен түбегейлі ғылыми-технологиялық өзгеріске дайындалуымыз керек. Ал, оның негізгі алғышарты біздің Ата Заңымыз болып табылады. Жаңа Конституцияның жобасында білім, ғылым, мәдениет, инновация түбегейлі құндылықтар ретінде көрсетіліп отыр. Жаңа Конституция жобасының 3 бабының 2 тармағында Қазақстан Республикасы адам капиталын, білімді, ғылымды, инновацияны дамытуды мемлекет қызметінің стратегиялық бағыты деп таныды» - деген Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек ел Тәуелсіздігінің 35 жылында Қазақстан жаңа тарихи кезеңге қадам басқанын, Қазақстанның даму бағдары ғылым мен білімге тікелей байланысты екендігін атап өтті.

Министрдің айтуынша, жаһандық технологиялық өзгерістер дәуірінде елдің бәсекеге қабілеттілігі білім, ғылым, инновация және адами капитал сапасына тікелей байланысты. Ал, осы құндылықтардың барлығы Жаңа Конституциялық жобада мемлекеттің түбегейлі басымдықтары ретінде бекітілгенін айтты. Жаңа Конституция жобасында қоғамда қалыптасқан жаңа ұғымдар мен құндылықтар ескерілген. Әсіресе азаматтардың жеке деректерін қорғау мәселесінің күшейтілуі – құқықтық қатынастарды әділ әрі нақты реттеуге мүмкіндік береді. Алдағы референдум – әрқайсымыз үшін маңызды әрі жауапты қадам. Енгізілетін өзгерістер қоғам



өміріне тікелей әсер етеді. Әр пікір, әр ұсыныс – ортақ мақсатымызға, әділетті әрі тең қоғам құруға қосылған үлес.

Кездесуде министр жаңа Конституция жобасының негізгі қағидаттары, атап айтқанда, адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау тетіктерін күшейту, әлеуметтік әділеттілік қағидатын орнықтыру, билік тармақтарының тепе-теңдігін сақтау, жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту, азаматтардың мемлекеттік басқару ісіне қатысу мүмкіндіктерін кеңейту, сондай-ақ, ұлттық құндылықтарды сақтау, отбасы институтын нығайту, еңбек адамының мәртебесін арттыру және заң үстемдігін қамтамасыз ету бағытындағы нормаларға ерекше назар аударылғанына да тоқталды.

Кездесу соңында Ғылым және жоғары білім министрі М.Х.Дулати атындағы Тараз университетінің ғылыми-инновациялық әлеуетін жоғары бағалап, өңірлік жоғары оқу орнының рөліне ерекше тоқталып, профессорлық-оқытушылар құрамына,

жас ғалымдарға және студент жастардың алдағы жетістіктеріне сәттілік тіледі.

Сондай-ақ, университет фойесінде орналасқан көрмені аралап көрген министр университеттің ғылыми және білім беру процесіндегі инновациялық әдістерін дамыту және жастарды даярлау бағытындағы жаңа жобаларымен танысып шықты. Білімгер жастардың қолымен жасалынған бұйымдарды көріп, әр саладағы жеткен жетістіктерін тамашалады.

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің қасиетті Жамбыл өңіріне келіп, жоғарғы оқу орнының профессорлық-оқытушылар құрамымен, білімгерлермен кездесуі - университетіміздің еліміздегі жетекші білім ордасы ретіндегі орнын нығайтып, халықаралық деңгейдегі ынтымақтастықты одан әрі тереңдетуге бағытталған, білім мен ғылымды ұштастырып, жастарға мүмкіндік сыйлайтын нақты әрі маңызды қадамдардың бірі болмақ.

## СЕМИНАР

## «ТОЛЫҚ АДАМ» ІЛІМІ ЖӘНЕ ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ ҮРДІСІНДЕГІ ТРЕНДТЕР

Адамдықтың асыл қасиеті - адалдық. Адалдықтың тамыры терең бойлап, жапырағы жайқалған мемлекетте бірліктің берекесі кіріп, елдің өркендеуі қарыштайды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бүкілхалықтық Ұлттық құрылтайдың «Адал адам - Әділетті Қазақстан» атты екінші отырысында сөйлеген сөзінде адал адам мәселесін көтерді. Өйткені, адал да еңбекқор адамды тәрбиелеу арқылы қайырымды да ізгі қоғам орнату - бабалар аманаты.

Әр адам өмір жолында дұрыс пен бұрысты, адалдық пен арамдықты таңдау сәтін тап болады. Осы таңдаулар адамның кім екенін көрсетеді. Адал адам дегеніміз - өз ісінде әділ, сөзіне берік, шындықты ту ететін, елінің мүддесін өз пайдасынан жоғары қоя білетін тұлға.

Қазақ халқында «Адалдық - адамның ең бағалы қасиеті» деген нақыл бар. Шынында да, адалдық - адамгершіліктің негізі. Адал азамат тек заңға ғана емес, ең алдымен, ар-ұятына бағынады. Ол өтірік айтпайды, ұрлық жасамайды, ешкімге қиянат келтірмейді. Мұндай адамға халық сенім артады, ел құрметтейді.

Тарихқа көз жүгіртсек, ұлтымыздың адал азаматтарының бірі - Абай Құнанбайұлы. Ол шындықты ашық айтып, қаранғылықпен күресті, елінің рухани жаңаруына жол ашты.

Ұлы Абай да заманында «Толық адам» туралы айтқан. Ғұламаның толық адам деп отырғаны дәл осы адал адам. Арада бір ғасырдан артық уақыт өтсе де бұл мәселе алдымыздан тағы шығып отыр. Осыған қарағанда қазіргі қазақ қоғамында бұл мәселе өте өзекті деген сөз.

Мәселен, Ұлы Абай адалдықты «толық адам» десе, кейініректе «кемел адам» тіркесін көбірек пайдаланып жүрміз. Негізінде, «кемел адамның» өзі араб тілінен аударғанда толық адам деген ұғымды білдіреді. Діни көзқараста кемел адам - кісілікке жат қылықтардан тазарған, жандүниесі ағарып, рухани қасиеті артық асыл адам. Адал жолды таңдаған адам әрдайым адалсқандарға жол нұсқаушы, әділдікке бастаушы.

Жақында М.Х.Дулати атындағы Тараз университетінде «Филология және гуманитарлық ғылымдар» факультетінің «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасының ұйымдастыруымен «Абайдың «Толық адам» ілімі және заманауи білім беру үрдісіндегі трендтер» тақырыбында республикалық ғылыми-әдістемелік семинар ұйымдастырылды.



Семинар мақсаты - ұлы ойшыл Абай Құнанбайұлы мұрасындағы «Толық адам» тұжырымдамасын қазіргі білім беру жүйесімен сабақтастыру, рухани-адамгершілік құндылықтарды жаңаша пайымдау және оқыту үдерісіндегі заманауи бағыттарды талқылау.

Басқосуға академик, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының иегері, Қазақстан Ғалымдары одағының төрағасы Оразалы Сәбденұлы, Филология ғылымдарының кандидаты, абайтанушы, Абай атындағы Қазақ ұлттық университетіндегі «Хәкім Абай» ғылыми-зерттеу орталығының директоры Жабал Алшынбекұлы, Филология ғылымдарының кандидаты, Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінің доценті Мақсат Әліпхан, университеттің профессор-оқытушылар құрамы, сарапшылар, әдіскер ұстаздар, білім беру ұйымдарының басшылары, колледж оқытушылары, мектеп, лицей, гимназия мұғалімдері, жас ғалымдар, докторанттар, магистранттар мен студенттер қатысты.

Семинардың ресми ашылуында Басқарма Төрағасы - Ректор Ләззат Еркінбаева құттықтау сөз сөйлеп, ғылыми-әдістемелік жиынның маңыздылығына тоқталды.

Өз сөзінде, университет басшысы Абайдың толық адам ілімінің мазмұнын қазіргі білім беру үдерісімен сабақтастыра отырып, жас ұрпақтың бойына ақыл, жүрек, қайрат үйлесімін сіңіру - бүгінгі педагогиканың басты міндеттерінің бірі екенін атап өтті. Сонымен қатар, университет қабырғасында рухани-адамгершілік бағыттағы зерттеулер жүйелі түрде

жүргізіліп келе жатқанын айтып, ғылыми қауымдастықты бірлескен жобаларға шақырды.

Ләззат Қалымбекқызы қатысушыларға сәтті жұмыс тілеп, семинар жұмысына табыс тіледі.

Секция барысында Абайтану мәселелері, тіл біліміндегі жаңа зерттеулер, білім беру жүйесіндегі инновациялық технологиялар, жасанды интеллекттің ықпалы, авторлық бағдарламалар мен ғылыми жобалар кеңінен талқыланды.

Атап айтқанда, академик, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының иегері, Қазақстан Ғалымдары одағының төрағасы Оразалы Сәбденұлы «Әлем, Абай, Қазақстанның сара жолы» тақырыбында мазмұнды баяндама жасап, Абай мұрасын әлемдік өркеніет контекстінде қарастырып, қазақ руханиятының даму жолындағы тарихи сабақтастыққа кеңінен тоқталды.

Ғалым Абай іліміндегі ұлттық болмысты сақтай отырып, жаһандану дәуірінде бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеудің рухани негізі ретінде бағаланды. Ол Қазақстанның даму бағыты мен Абай идеяларының өзара үндестігін атап өтіп, толық адам тұжырымдамасының стратегиялық мәнін терең талдап берді. Ғалым жастар санасында жауапкершілік, адалдық және білімге құштарлық қасиеттерін қалыптастырудың маңызын тілге тиек етті.

Сондай-ақ, Оразалы Сәбденұлы өз шығармашылығындағы кітаптарын семинар қатысушыларына таныстап, ғылыми еңбектерін көпшілікке таныстырды. Ғалым жастар санасында жауапкершілік,

адалдық және білімге құштарлық қасиеттерін қалыптастырудың маңызын жеткізді.

Ал, абайтанушы, Абай атындағы Қазақ ұлттық университетіндегі «Хәкім Абай» ғылыми-зерттеу орталығының директоры Жабал Алшынбекұлы «Хәкім Абайдың даналығы» тақырыбындағы баяндамасын ұсынып, ұлы ойшылдың қара сөздері мен поэзиясындағы терең философиялық ойларға талдау жүргізді.

Ол Абайдың адамгершілік қағидалары мен рухани кемелдену идеяларын қазіргі қоғам сұранысымен байланыстыра отырып, толық адам концепциясының тәрбиелік және танымдық әлеуетін жан-жақты ашып көрсетті. Ғалым Абай ілімін жаңаша зерделеудің ғылыми-әдістемелік қырларына тоқталып, білім беру үдерісінде оны тиімді қолданудың жолдарын ұсынды.

Сонымен қатар, Филология ғылым-



дарының кандидаты, Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінің доценті Мақсат Әліпхан Абайдың адамгершілік ілімінің рухани-танымдық негіздерін жан-жақты талдап өтті. Ол өз сөзінде, Абай мұрасындағы адам болмысы, ар-ұждан, әділет, мейірім ұғымдарының мәніне тоқталып, бұл қағидалардың бүгінгі қоғам үшін өзектілігін айқындады.

Ғалым Абайдың адамгершілік ілімін тек әдебиет ретінде емес, тұтас ұлттық тәрбиенің іргетасы ретінде қарастыру қажеттігін жеткізді.

Семинар жұмысы үш бағыт бойынша секциялық отырыстармен жалғасты.

1-секция - Әдебиеттану ғылымдары «Толық адам» ілімінің абайтанушы ғалымдар еңбектеріндегі көрінісі, қазіргі қазақ әдебиетіндегі өзекті мәселелер, ғылыми-әдістемелік жаңашылдықтар талқыланды. Қатысушылар теориялық пайымдармен қатар тәжірибелік ұсыныстарын ортаға салды.

2-секция - Филология ғылымдары Тіл білімінің өзекті мәселелері, тілдік білім беру саласындағы заманауи зерттеулер мен инновациялық әдістер қарастырылды. Ғалымдар функционалды бағыттағы оқыту әдістемесін жетілдіру жолдарын ұсынды.

3-секция - Оқыту әдістері: білім беру жүйесіндегі заманауи трендтер.

Бұл алаңда педагогикалық және қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар бойынша оқу үдерісін ұйымдастырудың жаңа технологиялары, авторлық бағдарламалар, ғылыми жобалар, жасанды интеллекттің білім беру саласына ықпалы кеңінен сөз болды. Заманауи цифрлық құралдарды тиімді пайдалану, оқыту сапасын арттыру және тұлғалық дамуға бағытталған модельдер талқыланды.

Басқосуда ұсынылған баяндамалар

менпкірталастар білім тәрбиешілеріне жетілдіруге, ұлттық құндылықтарды заманауи білім беру трендтерімен сабақтастыруға бағытталған нақты ұсыныстармен толықты.

Семинар соңында қатысушылар арасында мазмұнды пікірталас ұйымдастырылып, сұрақ-жауап алаңы өтті. Ғалымдар, оқытушылар мен жас зерттеушілер баяндамаларда көтерілген мәселелер төңірегінде өз ойларын білдіріп, тұжырымдарын ортаға салды. Қатысушылар білім беру процесінде тұлғалық дамуға басымдық беру, рухани-адамгершілік тәрбиені күшейту, функционалдық сауаттылықты арттыру бағытында нақты ұсыныстар айтты.

Сонымен қатар, секциялық отырыстарда көтерілген ғылыми-әдістемелік жаңашылдықтар бойынша өзара тәжірибе алмасу жүзеге асты.

Қатысушылар ұйымдастырушыларға



алғыстарын білдіріп, жылы лебіздерін жеткізді.

Расында Абай айтқандай «Толық адам» болу деңгейіне көтерілу ұзақ және күрделі жол. Бұл адамның бір деңгейден екінші деңгейге біртіндеп көтерілуінің жолы. Бүгінде, қоғамға ізгілік керек, адалдық қажет. Ал, ізгілік әр адамнан көрінуге тиіс. Бұндайда тағы ұлы Абайға сүйенеміз.

Ұлы Абайдың өзі де осы мәселені - ең басты мәселе ретінде қойды. Адалдық, әділеттілік бұзылған жерде, алды - мұз, баратын бағыты бұлыңғыр болатыны белгілі. Сондықтан Абайдың ерекше көтерген мәселесі - еңбекқорлық, әділеттілік және адалдық мәселесі. Ол, жалпы, адамгершілік мәселелерінің барлығы осы үш ұғым аясына сиятынын атап көрсетті.

«Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп» - дейді. Адам баласын «бауырым» деп сүйген адам, жан жағына, бауырыға, тіпті жұмыстас, қызметтес ортаға құрмет, сүйіспеншілікпен қарайды. Адалдық жолы - тура жол. Ақиқаты, әділетті қоғам орнату үшін алдымен адам адал болуы керек. Бір адамның адалдығы қоғамға азық етеді. Бүкіл қоғам әділетті болса, заң үстемдік құрады. Әр салада адалдық басты орында тұрса, әділ қоғам орнайды.

Ұлттың жаңа сапасын қалыптастыру еліміз үшін айрықша маңызды. Әрбір азаматымыз, әсіресе, жастар ең жақсы қасиетті бойына сіңіруі қажет. Оның бәрі бірігіп, біртұтас қоғамдық қасиетке айналады. Әркім отаншыл, білімпаз, еңбекқор, тәртіпті, адал, әділ, үнемшіл әрі жанашыр болса, алынбайтын асу жоқ. Абайдың «Толық адам» ілімінің түпкі мәні осы.

Дұрыс пайым. Адалдықтың жолы әрқашан түзу. Осыны қорытып, таразылап, өзімізге қабылдап, іске асыру басты міндетіміз болмақ.



РЕФЕРЕНДУМ

## «ӘДІЛЕТТІ ЖӘНЕ ПРОГРЕССИВТІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ХАЛЫҚТЫҚ КОНСТИТУЦИЯСЫ ҮШІН» ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ КОЛИЦИЯ ҚҰРЫЛДЫ



Референдум - еліміздегі ең өзекті деген мәселелерді бүкіл халық болып шешу. Бұл демократиялық елдерде кең тараған, халықтың еркін білдіретін тікелей тікелей демократия тетігі. Қазақстанда референдум өткізу Конституцияға өзгерістер енгізу, егемендік, территория тұтастығы, заң қабылдау, тіпті мемлекеттік басқару жүйесін реформалау сияқты аса маңызды мәселелерге қатысты қолданылады.

Қоғамдық шешімдердің ашық әрі әділетті қабылдануы - кез келген демократиялық мемлекеттің басты көрсеткіштерінің бірі. Осы орайда референдум - мемлекеттің болашағы үшін жасалған саяси маңызды қадам. Қазақстанда референдум институты уақыт өткен сайын жетіліп, азаматтардың ел тағдырына ықпал ету мүмкіндігін кеңейтіп келеді. Бұл демократияның шынайы көрінісі.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев жаңа Конституцияны қабылдау бойынша 2026 жылдың 15 наурызында Республикалық Референдум өткізу туралы Жарлыққа қол қойды.

Осы маңызды бастаманы қолдау мақсатында «Әділетті және прогрессивті Қазақстанның халықтық Конституциясы үшін!» Жалпыұлттық коалиция құрылып, халықпен кездесулер өткізуде.

Құрамында «Әділетті және прогрессивті Қазақстанның халықтық Конституциясы үшін!» Жалпыұлттық коалицияның басшысы, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің төрағасы Ерлан Жақанұлы Қошанов бастаған бірқатар штаб мүшелері қасиетті Жамбыл жеріне келіп, өңір жұртшылығымен,

университеттің оқытушылар құрамымен, студент жастармен кездесті.

М.Х.Дулати атындағы Тараз университетінде өткен кездесуге «Әділетті және прогрессивті Қазақстанның халықтық Конституциясы үшін!» Жалпыұлттық коалицияның басшысы, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің төрағасы Ерлан Жақанұлы Қошанов, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек, Конституциялық комиссия мүшелері, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Үнзила Шапақызы Шапақ, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Екатерина Сергеевна Смолякова, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Айдос Әмірроллаұлы Сарым, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Мақсат Мәлікұлы Толықбай, Қазақстанның «Ақ жол» демократиялық партиясының төрағасы, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Азат Тұрлыбекұлы Перуашев, Мемлекет және қоғам қайраткері, Евразия ұлттық университетінің директорлар кеңесінің төрағасы Жақсыбек Әбдірахметұлы Күлекеев және университеттің профессор-оқытушылар құрамы, студенттер қатысты.

Жиында сөз сөйлеген қонақтар Ата Заңның жаңа жобасын қатысушыларға жан-жақты түсіндірді. Жаңа Конституция қоғам сұранысына толық жауап беретіндігін және Тәуелсіз Қазақстанның орнықты дамуын қамтамасыз ететіндігін жеткізді.

Жиынға қатысушыларды үстіміздегі жылғы 15 наурызда өтетін референдумда Жаңа Конституция қабылдау, яғни Қуатты, Әділетті және Прогрессивті Қазақстанды құру жолында дұрыс таңдау жасауға шақырды.

Жиынға қатысушылар арасынан сөз сөйлеген профессор-оқытушылар мен жастар референдумға қатысты өз пікірлері мен ойларын жеткізді.

## ХАЛЫҚТЫҢ ТАҢДАУЫНА НЕГІЗДЕЛГЕН ТАРИХИ ҚАДАМ



Жаңа Конституция жобасы азаматтық бақылауды күшейтіп, мемлекеттік органдардың ашықтығы мен жауапкершілігін арттыруға бағытталған.

Жаңа Конституция бойынша түпкілікті шешім жалпыұлттық референдум арқылы қабылданады. Бұл - халықтың тікелей таңдауына негізделген тарихи қадам.

Жаңа Конституцияны қолдау - әділетті қоғам мен ашық мемлекетті бірге құру деген сөз.

Университет қабырғасында «Әділетті және прогрессивті Қазақстанның халықтық Конституциясы үшін!» тақырыбында алдағы өтетін референдумға байланысты «дөңгелек үстел» жиыны ұйымдастырылды.

Басқосуға Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттары, республикалық коалицияның мүшелері Мұқаш Зұлқарнайұлы Ескендіров және Мүтәлі Абуәліп, «AMANAT» партиясы облыстық филиалының төрағасы, облыстық коалицияның мүшесі Дауыл Ынтықбайұлы Бейсенқұлов, Жамбыл облыстық қан орталығының директоры, облыстық коалицияның мүшесі Гулам Умаров қатысты.

Жиынның мақсаты - алдағы республикалық референдум аясында ұсынылған конституциялық өзгерістерді түсіндіру, жастардың пікірін тыңдау және ашық диалог алаңын қалыптастыру. Жиынды ашқан М.Х. Дулати атын-

дағы Тараз университетінің Басқарма Төрағасы - Ректор Ләззат Еркінбаева өз сөзінде, ел дамуының жаңа бағытын айқындайтын бастамалар төңірегінде ашық әрі мазмұнды пікір алмасудың айрықша мәнге ие екенін атап өтті. Өз сөзінде, университет тек білім мен ғылым ордасы ғана емес, жастарды ойлы, саналы және ел тағдырына бейжай қарамайтын азамат етіп тәрбиелейтін орта екенін тілге тиек етті. Сонымен қатар, жастарды өз пікірін ашық білдіруге, ұсыныстар жасауға және әрқайсысының мемлекет дамуындағы рөлін сезінуге шақырды. Мұндай диалогтар жастарға өз көзқарасын қалыптастыруға, болашақ шешімдерге белсенді қатысуға мүмкіндік беретінін сөз етті.

Жиын барысында Мұқаш Зұлқарнайұлы конституциялық реформаның ел дамуы үшін стратегиялық маңыздылығына тоқталып, бұл өзгерістер әділетті әрі тиімді мемлекеттік басқару жүйесін қалыптастыруға бағытталғанын атап өтті. Сонымен қатар, жастардың саяси үдерістерге белсенді қатысуы - Жаңа Қазақстанды құрудағы басты факторлардың бірі екенін жеткізді.

Ал, Мүтәлі Абуәліп цифрландыру үдерістеріне ерекше тоқталып, заманауи технологиялардың мемлекеттік басқару

мен қоғамдық қатынастардың ашықтығын қамтамасыз етудегі рөліне назар аударды. Ол цифрлық трансформация елдің бәсекеге қабілеттілігін арттырып, жастар үшін жаңа мүмкіндіктерге жол ашатынын атап өтті.

Сонымен қатар, Дауыл Ынтықбайұлы коалиция жұмысының маңыздылығына тоқталып, қоғаммен тұрақты кері байланыс орнату басты басымдықтардың бірі екенін жеткізді. Ол конституциялық өзгерістер халықтың сұранысы мен заман талабынан туындағанын сөз етті.

Ал, Гулам Умаров білім мен ғылым саласының ел дамуының негізі екенін жеткізді. Ол ғылым мен инновацияны қолдау арқылы ғана Қазақстанның тұрақты әрі прогрессивті дамуына қол жеткізуге болатынын атап, жас ғалымдар мен студенттердің зерттеушілік әлеуетін арттыруға жағдай жасау маңызды екенін жеткізді.

Басқосу еркін пікір алмасу форматында жалғасын тапты. Студенттер өз сұрақтарын қойып, ұсыныстарын білдірді. Қатысушылар конституциялық өзгерістерге қатысты ой-пікірлерімен бөлісіп, ашық диалог жүргізді. Кездесу соңында ұйымдастырушылар жастарды республикалық референдумға белсенді қатысуға шақырып, әрбір дауыс ел болашағына қосылған үлес екенін айтты.

Жиын ашық әрі мазмұнды форматта өтіп, өзара пікір алмасуға мүмкіндік берді.

## РЕФЕРЕНДУМ – БҮКІЛ ХАЛЫҚТЫҢ ШЕШІМІ

Конституциялық реформа Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстанда бір палаталы Парламент құру жөніндегі бастамасының негізінде туындады.

Президент бұл идеяны 2025 жылғы 8 қыркүйекте өзінің халыққа арнаған жыл сайынғы Жолдауында елдің саяси жүйесін кешенді жаңғырту және жасанды интеллект дәуірінде Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуына елеулі оң серпін беру мақсатында айтқан болатын.

Мұны тиімді жүзеге асыру үшін Ата заңымызға өзгерістер енгізу қажет. Яғни, бір сөзбен айтқанда, конституциялық реформа жасау керек.

Президент Негізгі заңды өзгертудің маңызы өте зор екенін айттып, мұның ел тағдыры үшін айрықша мәні бар екенін атап өтті.



Ел тарихында тағы бір аса маңызды кезең басталды. Арнайы құрылған Конституциялық комиссия Ата Заңның жаңа редакциясын талқылау және әзірлеу, өзгерістер енгізу жұмыстарымен айналысып, Конституция мәтініне енгізілген түзетулердің жинақталған жобасын дайындап, халықтың талқылауына ұсынды.

Жұртшылыққа ұсынылып отырған жоба бойынша 77 бапқа түзету енгізілді, бұл Конституция мәтінінің 84 пайызын құрайды.

Конституциямыз мүлде жаңа сипатқа ие болатын болды. Ал, мұндай ауқымды өзгеріс бүкіл халықтың шешімімен жүзеге асырылуға тиіс.

«Көптің сөзі - киелі» деген. Жаңа Қазақстанды құру жолындағы аса маңызды шешімдерді халық болып қабылдауымыз керек.

Сондықтан, Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2026 жылдың 15 наурызында жалпыхалықтық референдум өткізу туралы Жарлыққа қол қойды. 15 наурызда Қазақстан халқы Әділетті және Прогрессивті Қазақстанды құру жолында өз таңдауын жасайтын болады. Ел тағдырын айқындайтын осындай сәттерде белсенділік таныту - әрбір қазақстандықтың азаматтық борышы.


Ел дамуының жаңа кезеңі басталды. Жаңа Конституция қоғам сұранысына толық жауап береді және Тәуелсіз Қазақстанның орнықты дамуын қамтамасыз етеді деп сенеміз.

Референдум - әрбір азаматтың ойы мен пікірі маңызды екенінің нақты көрінісі. Әрбір дауыс - мемлекет пен қоғамның болашағына қосқан үлес.

Ендеше, ел тағдыры үшін тарихи маңызды шешімді бірге қабылдайық.

Ләззат ЕРКІНБАЕВА,  
М.Х. Дулати атындағы Тараз  
Университетінің Басқарма Төрағасы - Ректор

## ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯ ЖАҢА ҚАДАМ



Қазақстан Республикасының жаңа Конституция жобасы мемлекетіміздің кемелдену кезеңін және ел дамуының ұзақ мерзімді бағдарларын айқындайды. Конституция жобасын талқылау - ел болашағын айқындауға бағытталған маңызды үдеріс.

Бұл үдерістің өзегінде білімді, жауапты және әлеуметтік белсенді Қазақстан азаматтарын идеясы жатыр. Жаңа Конституциясының алғашқы жобасында көзделген жаңашылдықтар елдің даму үрдістерінің стратегиялық талаптарына бағытталған. Мемлекеттік басқару мен саяси жүйені жаңғырту барысында ең бастысы «Адал азамат» тұжырымдамасы арқылы қоғамдық сананы өзгертудің басты қағидасы негізге алынған. Менің ойымша, бұл елдің дамуы жолында қатаң талаптарға сәйкес адал қызмет ету, адалдық, әділдік және еңбеккерлік құндылықтарына негізделген.

Қазіргі таңда әлем күн сайын жаңырып отырғаны баршамамызға аян. Осынау өзгерістің жылдамдығына ілесу заман талабы. Ата Заң жобасында ерекше назар аударылған басымдықтардың ішінде адами капиталды дамыту, білім беру, ғылым мен инновация ерекше орын алуы өскелең ұрпақтың бәсекеге қабілеттілігін арттырудың стратегиялық негізі ретінде қарастырылады. Конституция жобасының ашық жариялануы және қоғам талқылауына ұсынылуы - білім беру саласындағы қызметкерлер мен ата-аналарға өз ойларын білдіруге мүмкіндік береді. Бұл процесс демократиялық қоғамның дамуына, білім беру саласында әділдік пен сапаны арттыруға жол ашады.

Білім беру әлеуметтік сала ретінде ғана емес, мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін арттырудың, орнықты экономикалық өсудің және қоғамдық прогрестің стратегиялық негізі ретінде қарастырылады. Осы бағыттардың Ата заңда айқындалуы мемлекет тарапынан сапалы білім алуға, академиялық еркіндікке, ғылыми зерттеулерді дамытуға және инновацияларды енгізуге жағдай жасауға деген жауапкершілікті күшейтеді. Конституция жобасында білім беру жүйесінің зайырлы сипаты сақталып, нақтылай түскені маңызды. Бұл білім беру кеңістігінің біртұтастығын, білімге тең қолжетімділікті қамтамасыз етіп, заңға құрмет пен қоғам алдындағы жауапкершілікке негізделген жалпыұлттық құндылықтар аясында азаматтарды тәрбиелеуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, білім беру жүйесінің қолжетімділігі, инклюзивтілігі және үздіксіздігі туралы қағидаттардың енгізілуі қазіргі заман талаптарына сай келеді. Мемлекеттің тегін орта білімге кепілдік беруі және жоғары білімнің қолжетімді болуына жағдай жасауы қоғамның тұрақты дамуына оң әсерін тигізеді. Бұл өзгерістер жастардың әлеуетін толық іске асыруына мүмкіндік береді.

Университет үшін бұл нормалардың маңызы ерекше. Олар сұранысқа ие мамандарды даярлауға, ғылымды дамытуға, халықаралық ынтымақтастықты кеңейтуге, сондай-ақ, еңбекті, білімді, прогресті және жасампаздықты қадірлейтін жастарды тәрбиелеуге берік құқықтық негіз қалыптастырады. Конституция жобасын талқылау - ел болашағын айқындауға бағытталған маңызды үдеріс болғандықтан, бұл үдерістің өзегінде білімді, жауапты және әлеуметтік белсенді Қазақстан азаматын қалыптастыру идеясы жатыр.

Жаңа Конституция жобасында көрсетілген ғылым және жоғары білім саласының өкілі ретінде мен бұл үдерістің мәні ерекше деп есептеймін.

Біз тек маман ғана даярламай, түптеп келгенде ел болашағына жауапты, саналы азаматтарды тәрбиелейміз. Конституциялық өзгерістерді түсіну, оған өз пікірін білдіру - әр азаматтың, әсіресе жастардың жауапкершілігінің көрінісі деп білемін.

Ендігі кезекте Ата Заң жобасындағы өзгерістерді, маңызы мен ерекшелігін халыққа қарапайым тілде түсіндіру маңызды. Ата Заңға құрмет пен қоғам алдындағы жауапкершілікті ұғындыру басты міндет. Сондықтан Жаңа Конституцияда айқындалған реформалардың табысты жүзеге асуы ең алдымен саналы, білімді әрі жауапкершілігі жоғары азаматтардың қалыптасуына тікелей байланысты.

ТҰРАРОВА А.Н.  
М.Х. Дулати атындағы Тараз университетінің  
Педагогика және әлеуметтік ғылымдар  
факультетінің деканы, ф.ғ.к., профессор

# ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯНЫҢ ЖОБАСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ РЕФЕРЕНДУМҒА ШЫҒАРЫЛДЫ

2026 жылғы 11 ақпанда Қазақстан Республикасының Президенті еліміздің жаңа Конституциясын қабылдау мәселесі бойынша 2026 жылғы 15 наурызға республикалық референдум тағайындау туралы Жарлыққа қол қойды.

Конституциялық реформа Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстанда бір палаталы Парламент құру жөніндегі бастамасының негізінде туындады. Президент бұл идеяны 2025 жылғы 8 қыркүйекте халыққа арнаған жыл сайынғы Жолдауында жариялап, оның мақсаты саяси жүйені кешенді түрде жаңғырту және жасанды интеллект дәуірінде Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуының одан арғы үдерісіне оң ықпал ету екенін атап өтті.

8 қазанда Парламенттік реформа бойынша жұмыс тобын құру туралы өкімге қол қойылды. Оның құрамына белгілі заңгерлер, сарапшылар, саяси партиялар мен қоғамдық ұйымдар фракцияларының өкілдері кірді.

Сонымен қатар, азаматтар да e-Otinish және eGov порталдары арқылы өз пікірлері мен ұсыныстарын жолдап, талқылауға белсенді қатысты.

Бірнеше ай бойы қоғамда жаңа реформаға қатысты қызу пікірталас жүрді. Осы кезең аралығында Жұмыс тобы азаматтар мен сарапшылардан түскен 2 мыңнан аса ұсынысты жан-жақты қарастырып, жүйеледі.

2026 жылғы қаңтарда өткен Ұлттық құрылтайдың V отырысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Парламент реформасына қатысты азаматтардан түскен ұсыныстарды қорытындылап, алдағы өзгерістердің жалпы тұжырымдамасын ұсынды.

Президент бастапқыда түзетулер Ата заңның шамамен 40 бабына қатысты болады деп жоспарланғанын атап өтті. Алайда қоғамдық талқылаулар барысында өзгерістер ауқымының әлдеқайда кең екені, олардың Конституцияның өзге де бөлімдері мен көптеген баптарын қамтитыны айқындалды.

Сондықтан 2026 жылғы 21 қаңтарда Мемлекет басшысының Жарлығымен Конституциялық комиссия құрылды. Оның құрамына жалпы саны 130 адамды құрайтын Ұлттық құрылтай мүшелері, белгілі құқықтанушылар, орталық мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғалары, БАҚ басшылары, мәслихат төрағалары, өңірлік қоғамдық кеңестердің өкілдері, сондай-ақ сарапшы және ғылыми қауымдастық өкілдері кірді. Комиссия құрамында Қазақстанның барлық әлеуметтік топтары мен өңірлері толықтай қамтылды.

Комиссияға Конституциялық Соттың Төрағасы Эльвира Азимова басшылық етті. Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин және Премьер-Министрдің орынбасары – Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева төрағаның орынбасарлары болды.

Жұмыс барысында Комиссия мүшелері еліміздің азаматтары, саяси партиялар, қоғамдық ұйымдар, белгілі заңгерлер, құқық қорғаушылар, қоғам қайраткерлері, депутаттар, саясаттанушылар және басқа да сарапшылар жолдаған ұсыныстарды Ата Заңға енгізу мәселелері бойынша егжей-тегжейлі қарастырды.

Еліміздің конституциялық дамуы тарихында алғаш рет осындай ауқымды жұмыс толық ашық форматта жүргізілді: Комиссияның барлық отырыстары интернет-ресурстар мен әлеуметтік желілерде тікелей эфирде көрсетіліп, қоғамдық бақылау мен азаматтардың кеңінен қатысуын қамтамасыз етті. Конституциялық комиссия жұмысының жариялылығы мен ашықтығы жаңа Конституция жобасының аралық нұсқасын барлық халыққа таныстыру арқылы да айқын көрінді.

Қоғамдық талқылау аясында Комиссияға eGov және e-Otinish порталдары арқылы азаматтардан шамамен 10 мың пікір мен ұсыныс түсті. Осындай ауқымды азаматтық қатысу жаңа Конституцияға шын мәнінде халықтық сипат берді.

Сонымен қатар, түрлі саяси және қоғамдық алаңдарда, бұқаралық ақпарат құралдарында сарапшылар мен қоғам қайраткерлерінің қатысуымен ашық талқылаулар өтті.

Барлық бастамалар мен азаматтардың мазмұнды ұсыныстары жүйелі түрде қаралып, талданды. Олар Ата Заңның соңғы мәтінінде тікелей көрініс тапты. Ұсыныстарды қарау қорытындысы бойынша Конституциялық комиссия мүшелері жаңа Конституция жобасына қосымша баптар, редакциялық және стилстикалық түзетулер енгізді.

Осылайша, жаңа Конституция жобасы ашық қоғамдық талқылаулардың, азаматтар, саяси партиялар, қоғамдық ұйымдар және сарапшылық қауымдастық ұсыныстарын жан-жақты талдаудың нәтижесінде пайда болды. Жаңа Конституция мәтіні Қазақстан мемлекеттігінің жетілгені, елдің халықаралық беделін және прогрессивті даму стратегиялық бағытын көрсетеді. Сонымен бірге, Тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуында маңызды рөл атқарған қолданыстағы Ата Заңмен сабақтастықты сақтайды.

Жалпы алғанда, жаңа Конституцияның мазмұны адамға бағдарланған. Ол заманауи қоғамдық құндылықтарды, мемлекеттік қағидаттарды көрсетеді және саяси институттардың тиімділігін арттыруға бағытталған. Жаңа Конституция мәтінінің негізгі ерекшелігі – адам құқықтарына басымдық берілуінде. Атап айтқанда, адамның құқықтары мен бостандықтары тек жаңа Преамбулада ғана емес, сонымен бірге толықтай Конституцияның маңызды басымдықтары мен мәнді тірегіне айналды.

Преамбулада бірлік, татулық және этносаралық келісім мемлекеттіліктің негізі ретінде бекітілген.

Негізгі мызғымас құндылықтарға Қазақстанның Егемендігі, Тәуелсіздігі, ұнитарлығы және аумақтық тұтастығы жатады.

Конституциялық деңгейде Әділетті Қазақстан идеясы, Заң мен Тәртіп қағидаты, табиғатқа қамқорлық көрсету қажеттілігі, сондай-ақ жаңа Конституцияда биліктің бірден-бір бастауы және Егемендіктің иесі – Қазақстан халқы екені бекітілді.

Жаңа Конституция жобасында алғаш рет азаматтардың цифрлық ортадағы құқықтарын қорғау нормасы бекітілді. Сондай-ақ, адвокатура мен адвокаттық қызметке арналған арнайы бап енгізілді.

Адам капиталының, білім, ғылым, мәдениет пен инновацияның дамуына ерекше көңіл бөлінді. Бұл – мемлекет болашағының минералдық ресурстар мен табиғи байлықтарға емес, адам капиталы мен азаматтардың жетістіктеріне байланысты екенін көрсететін шешуші бағыт.

Дін мен мемлекеттің рөлі айқын бөлінген. Білім беру және тәрбие жүйесінің зайырлы сипаты бекітілген.

Неке ерікті және тең құқықты ер мен әйелдің одағы екені туралы норма енгізілген. Бұл дәстүрлі құндылықтарды қорғауды күшейтіп, әйелдердің құқықтарын жоғары құқықтық деңгейде қамтамасыз етеді.

Конституциялық деңгейде ұлттық мәдениетті қолдау және тарихи-мәдени мұраны сақтау негізгі қағидаттардың бірі ретінде бекітілді.

Жаңа Конституция жобасының негізгі жаңалықтарының бірі 145 депутаттан тұратын, жаңа әрі кеңейтілген өкілеттіктерге ие бір палаталы Парламент – Құрылтайды құру. Оның құрамы пропорционалды сайлау жүйесі бойынша құрылады, ал депутаттардың өкілеттік мерзімі 5 жылды құрайды. Пропорционалды жүйе партиялардың кадрлық саясатты дамытуына ықпал етіп, олардың институционалдық рөлін күшейтеді және саяси күштердің қоғам алдындағы жауапкершілігін арттырады.

Жобаданғы жаңалықтардың бірі – Вице-Президент институтын және жаңа ұлттық диалог алаңы – Қазақстан Халық Кеңесін құру.

Жалпы, жаңа Конституцияның ережелері мемлекетіміздің институционалдық негізін трансформациялау процесінің аяқталуын және мүлдем жаңа конституциялық үлгіге көшуді көздейді.

Жаңа Ата заң жобасы тек заманауи қоғамдық құндылықтар мен мемлекеттік саясат қағидаттарын көрсетіп қана қоймай, еліміздің алдағы ілгері дамуы үшін ұзақ мерзімді негіздерін қалайды.

Жаңа Конституцияны қабылдау жөніндегі еліміздің азаматтары 2026 жылғы 15 наурызға белгіленген республикалық референдумда қабылдайтын болады.

Конституциялық реформа жөніндегі комиссия  
(Конституциялық комиссия)



2026 жылғы 30 қаңтар ЖОБА

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯСЫ

Біз, біртұтас Қазақстан халқы, байырғы қазақ жерінде мемлекеттілікті нығайта отырып, Ұлы Даланың мыңдаған жылдық тарихының сабақтастығын сақтап, мемлекеттің ұнитарлы сипатын, оның шекарасы мен аумағының тұтастығына қол сұғуға болмайтын нақтылап, Әділетті Қазақстан идеясын және Заң мен Тәртіп қағидатын ұстанып, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары мүлтіксіз сақталатынын мәлімдеп, бірлік пен ынтымақ, этносаралық және конфессияаралық татулық қағидаттарына үйеніп, мәдениет пен білім, ғылым мен инновация құндылықтарын бағдарға алып, табиғатты аялау қажеттігін мойындап, бейбітшілікке және барлық елмен достыққа ұмтылып, келешек ұрпақ алдындағы аса жоғары жауапкершілікті сезініп, Қазақстан Республикасының Ата Заңын – осы Конституцияны қабылдаймыз.

### I БӨЛІМ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ҚҰРЫЛЫС НЕГІЗДЕРІ

**1-БАП**  
Қазақстан Республикасы – демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет. Мемлекеттің ең жоғары құндылығы – адам мен оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары.

**2-БАП**  
1. Қазақстан Республикасы – унитарлы мемлекет. Басқару үлгісі – президенттік республика.  
2. Қазақстан Республикасының Егемендігі оның бүкіл аумағын қамтиды. Мемлекет өз аумағының тұтастығын, қол сұғымалығын, бөлінбеуін қамтамасыз етеді.

3. Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы конституциялық заңда айқындалады.  
4. Қазақстан Республикасының елордасы – Астана қаласы. Елорда мәртебесі конституциялық заңда айқындалады.

5. Қазақстан Республикасы мен Қазақстан атауларының мәні бірдей.  
6. Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы (ақша бірлігі) – теңге.

Тенгені эмиссиялау айрықша құқығы Қазақстан Республикасына тиесілі.  
7. Қазақстан Республикасының Егемендігі, Тәуелсіздігі, ұнитарлығы, аумақтық тұтастығы мен басқару үлгісі өзгермейді.

**3-БАП**  
1. Қазақстан Республикасы қызметінің негіз құраушы қағидаттары: Егемендік пен Тәуелсіздікті қорғау; адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын сақтау; заң мен тәртіп үстемдігін қамтамасыз ету; жалпыұлттық бірлікті бекемдеу; халықтың әл-ауқатын арттыру; жауапты әрі жасампаз отаншылдық идеясын ілгерілету; қоғамдық диалогты дамыту; еңбексүйгіштік, прогресс, білім құндылықтарын бекіту; жоғары экологиялық мәдениетті қалыптастыру; тарихи-мәдени мұраны сақтау; төл мәдениетті қолдау.

2. Қазақстан Республикасы адам капиталын, білімді, ғылымды, инновацияны дамытуды мемлекет қызметінің стратегиялық бағыты деп таныды.

**4-БАП**  
1. Қазақстан халқы – мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы және Егемендік иесі.  
2. Халық билікті жалпыхалықтық референдум және еркін сайлау арқылы тікелей жүргізеді, сондай-ақ өз билігін мемлекеттік органдар арқылы жүзеге асырады.

3. Қазақстан Республикасында билікті ешкім де иемденіп кете алмайды. Билікті иемденіп кету заңмен қудаланады. Халық пен мемлекет атынан әрекет ету құқығы Қазақстан Республикасының Президентіне, сондай-ақ конституциялық өкілеттігі шегінде Қазақстан Республикасының

Құрылтайына тиесілі. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен өзге де мемлекеттік органдар өздеріне берілген өкілеттік шегінде мемлекет атынан әрекет етеді.

4. Қазақстан Республикасында мемлекеттік билік біртұтас, ол заң шығарушы, атқарушы, сот тармақтарына бөліну және өзара іс-қимыл жасау қағидатына сәйкес Конституция мен заңдар негізінде жүзеге асырылады.

### 5-БАП

1. Қазақстан Республикасының қолданыстағы құқығы – Конституцияның, оған сәйкес келетін заңдардың, Қазақстан Республикасы Конституциялық Соты мен Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулыларының, өзге де нормативтік құқықтық актілердің, Қазақстан Республикасының халықаралық шарт міндеттемелерінің нормалары.  
2. Конституцияның ең жоғары заңды күші бар және ол Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында тікелей қолданылады.  
3. Қазақстан Республикасының аумағында халықаралық шарттарды қолдану тәртібі заңдарда айқындалады.  
4. Барлық заңдар мен Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттар жарияланады. Азаматтардың құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне қатысты нормативтік құқықтық актілердің ресми жариялануы – оларды қолдандың міндетті шарты.

5. Азаматтарға жаңа міндеттер жүктейтін немесе олардың жағдайын нашарлататын заңдардың кері күші болмайды.

Жауаптылықты белгілейтін немесе күшейтетін заңдардың кері күші болмайды.

Жаңа заң бұрын жасалған құқық бұзушылық үшін жауаптылықты жоюын немесе жеңілдететін болса, онда жаңа заң қолданылады.

6. Қазақстан Республикасының жекелеген өңірлерінің экономикасын қарқынды дамыту мақсатында қаржы саласына қатысты арнаулы құқықтық режим немесе «қарқынды дамитын қала» арнаулы құқықтық режимі конституциялық заңдарға сәйкес белгіленуі мүмкін. Осы арнаулы құқықтық режимдер мемлекеттік басқару, сот жүйесінің жұмыс істеу ерекшеліктерін көздеуі мүмкін.

**6-БАП**

1. Қазақстан Республикасында идеологиялық және саяси әралуандық танылады.

2. Қоғамдық бірлестіктер заң алдында тең. Мемлекеттік қоғамдық бірлестік ісіне, ал қоғамдық бірлестіктің мемлекет ісіне заңсыз араласуына және қоғамдық бірлестікке мемлекеттік орган функцияларын жүктеуге қол берілмейді. Мемлекеттік органда саяси партия ұйымын құруға жол берілмейді.

3. Мақсаты немесе әрекеті конституциялық құрылыс негіздерін күштеп өзгертуге, Қазақстан Республикасының тұтастығын және қоғамдық тәртіпін бұзуға, ұлттық қауіпсіздікке нұқсан келтіруге, соғысты, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни араздықты қоздыруға бағытталған қоғамдық бірлестік құруға және оның қызметіне, сондай-ақ заңнамда көзделмеген әскерлендірілген жасақ құруға тыйым салынады.

4. Басқа мемлекеттің саяси партиясы мен кәсіптік одағының, діни негіздегі саяси партияның қызметіне жол берілмейді, сондай-ақ саяси партия мен кәсіптік одақты шетелдік заңды тұлғаның, шетел азаматы мен азаматтығы жоқ адамның, шетелдік қатысуы бар заңды тұлғаның, шет мемлекет пен халықаралық ұйымның қаржыландыруына жол берілмейді.

5. Коммерциялық емес ұйымның шет мемлекеттен, халықаралық және шетелдік заңды тұлғадан, шетел азаматы мен азаматтығы жоқ адамнан алатын ақша қаражатының қозғалысы және активтері туралы

ақпарат Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес ашық әрі қолжетімді болуға тиіс.

### 7-БАП

1. Дін мемлекеттен бөлек.

2. Қазақстан аумағында діни ұйымдардың қызметі заңға сәйкес жүзеге асырылады және ол конституциялық құрылыс негіздерін, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қоғамдық тәртіпті, азаматтардың денсаулығы мен қоғамның адамгершілік болмысын сақтау мақсатында шектелуі мүмкін.

### 8-БАП

1. Қазақстан Республикасында барлық меншік түрі танылады, оларға кепілдік беріледі және тең қорғалады.

2. Меншікті пайдалану қоғам мен мемлекет мүддесіне сай келуіне, қоршаған ортаны қорғау саласындағы белгіленген талаптар сақталып іске асырылуға тиіс, басқа тұлғалардың заңмен қорғалатын құқықтары мен мүдделеріне нұқсан келтірмеуге тиіс. Меншік субъектілері мен объектілері, меншік иелерінің құқықтарының көлемі мен шегі, оларды қорғау кепілдіктері заңда айқындалады.

3. Жер және оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар халыққа тиесілі. Халық атынан меншік құқығын мемлекет жүзеге асырады. Жер заңда белгіленген негіздерде, шарттар мен шектерде жеке меншікке де болуы мүмкін.

### 9-БАП

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі.

2. Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында қазақ тілімен қатар орыс тілі ресми түрде қолданылады.

3. Мемлекет біртұтас Қазақстан халқының тілдерін үйрену және дамыту үшін жағдай жасауға қамқорлық көрсетеді.

### 10-БАП

Қазақстан Республикасы халықаралық құқық қағидаттары мен нормаларын құрметтейді, мүдделі мемлекеттермен бейбітшілік пен ынтымақтастықты, олардың ішкі ісіне араласпауды, халықаралық дауды бейбіт жолмен шешуді көздейтін сыртқы саясат жүргізеді.

### 11-БАП

Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері – Мемлекет туы, Мемлекеттік Елтаңба, Мемлекеттік Әнұран. Олардың сипаттамасы және пайдалану тәртібі конституциялық заңда белгіленеді.

### II БӨЛІМ НЕГІЗГІ ҚҰҚЫҚТАР, БОСТАНДЫҚТАР МЕН МІНДЕТТЕР

#### 12-БАП

1. Әр адамның құқық субъектісі ретінде танылуға құқығы бар.

Әр адам құқықтары мен бостандықтарын заңға қайшы келмейтін барлық тәсілмен, оның ішінде қажетті қорғаныс арқылы қорғауға құқылы.

2. Әр адамның өз құқықтары мен бостандықтарын сот арқылы қорғауға құқығы бар.

3. Қазақстан Республикасында заңға сәйкес білікті заң көмегі алу құқығы танылады.

#### 13-БАП

1. Қазақстан Республикасының азаматтығы заңға сәйкес беріледі және тоқтатылады, ол берілген негізіне қарамастан бірыңғай және тең.

2. Қазақстан Республикасының азаматтығын өз азаматтығынан айыруға, азаматтығын өзгерту құқығынан айыруға, сондай-ақ Қазақстаннан айыруға, сондай-ақ Қазақстаннан тыс жерге аластатуға болмайды. Азаматтықтан айыруға террористік қылмыс жасағаны, сондай-ақ Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделеріне өзге де ауыр зиян келтір-

гені үшін сот шешімімен ғана жол беріледі.

3. Қазақстан Республикасының азаматында қос немесе көп азаматтығы болуына жол берілмейді. Өзге ел азаматтығының болуы Қазақстан Республикасының азаматтығын тоқтатуға негіз болады. Шет мемлекетте туғанына байланысты сол мемлекеттің азаматтығын алған кәсіпке толмаған балаға қатысты заңда көзделген ережелер қолданылады.

#### 14-БАП

1. Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында өзгеше белгіленбесе, Қазақстан Республикасының азаматы шет мемлекетке берілмейді.

2. Қазақстан Республикасы өз азаматтарын ел аумағынан тыс жерде заңға сәйкес қорғауға кепілдік береді.

#### 15-БАП

1. Қазақстан Республикасында Конституцияға сәйкес адам құқықтары мен бостандықтары танылады және оларға кепілдік беріледі.

2. Адам құқықтары мен бостандықтары әркімге тумысынан тиесілі, олар ажыратуға және айыруға болмайтын деп танылады, Қазақстан Республикасының қолданыстағы құқығының мазмұны мен қолданылуы осыған қарай айқындалады.

3. Қазақстан Республикасы азаматының өз азаматтығына орай құқықтары мен міндеттері бар.

4. Конституцияда, заңдарда және халықаралық шарттарда көзделген жағдайда шетел азаматы мен азаматтығы жоқ адам Қазақстан Республикасының азаматы үшін белгіленген құқықтар мен бостандықтарды пайдаланады, сондай-ақ міндеттерді атқарады.

5. Адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын іске асыру басқа тұлғаның құқықтарын бұзбауға және бостандықтарын шектемеуге тиіс, конституциялық құрылыс негіздеріне, қоғамдық тәртіпке, азаматтардың денсаулығы мен қоғамның адамгершілік болмысына нұқсан келтірмеуге тиіс.

6. Әр адамның мемлекеттік органның немесе оның лауазымды адамының заңсыз әрекетімен келтірілген зиянды мемлекеттен өтетін алуға құқығы бар.

#### 16-БАП

1. Заң мен сот алдында бәрі тең.

2. Қазақстан Республикасының азаматын, Қазақстан Республикасының аумағында тұратын немесе уақытша жүрген шетел азаматы мен азаматтығы жоқ адамды тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүлдік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, діни көзқарасына, нанымна, тұрғылықты жеріне немесе кез келген өзге де себептерге байланысты кемсітуге болмайды.

#### 17-БАП

1. Өмір сүру құқығы – әр адамның ажыратуға және айыруға болмайтын құқығы.

2. Ешкімнің өз бетімен адам өмірін қиюға құқығы жоқ.

3. Өлім жазасына тыйым салынған.

#### 18-БАП

1. Әр адамға жеке бас бостандығы мен жеке басына қол сұғылмау құқығына кепілдік беріледі.

2. Сот шешімінсіз адамды заңда көзделген мерзімнен артық ұстауға болмайды.

Қүзетпен ұстауға сот шешімімен ғана рұқсат етіледі және оған шарты жасау құқығы беріледі.

3. Әр адамға ұсталған сәтте бостандығын шектеу негіздері және оның құқықтары түсіндіріледі.

4. Ұсталған адамның, күдіктінің, айыпталушының тиісінше ұсталған, күдікті ретінде танылған немесе айып тағылған сәттен бастап адвокат (қорғаушы) көмегін пайдалануға құқығы бар.

# ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯНЫҢ ЖОБАСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ РЕФЕРЕНДУМҒА ШЫҒАРЫЛДЫ

(Жалғасы. Басы 4-бетте)

## 19-БАП

1. Заңды күшіне енген сот үкімімен адам кінәлі деп танылмайынша, ол жасалған қылмыстық құқық бұзушылыққа кінәлі емес деп саналады.  
2. Ешкім өз-өзіне, жұбайына (зайыбына) және заңда айқындалған жақын туыстарына қарсы айғақ беруге міндетті емес.  
3. Діни қызметшілер өздеріне сеніп, сырын ашқан адамдарға қарсы күәлік етуге міндетті емес.  
4. Адамды дәл сол құқық бұзушылық үшін қылмыстық немесе әкімшілік жауаптылыққа қайта тартуға тыйым салынады.

## 20-БАП

1. Адамның ар-намысы мен қадір-қасиетіне қол сұғуға болмайды және олар заңмен қорғалады.  
2. Ешкімді азаптауға, оған зорлық-зомбылық жасауға, басқа да қатыгездік көрсетіп немесе адамның қадір-қасиетін қорлап жәбірлеуге не жазалауға болмайды.

## 21-БАП

1. Жеке өмірге қол сұғылмау құқығына, жеке және отбасы құпиясының болу құқығына, цифрлық технологияларды қолдануды қоса алғанда, дербес деректерді заңсыз жинаудан, өңдеуден, сақтаудан және пайдаланудан қорғау құқығына заңмен кепілдік беріледі.  
2. Банк операцияларының, жеке салымдар мен жинақтардың, жазысқан хаттардың, телефон арқылы сөйлескен сөздердің, пошта хабарламаларының және байланыс құралдары, оның ішінде цифрлық технологияларды қолдану арқылы берілетін өзге де хабарламалардың құпиясы заңмен қорғалады. Бұл құқықты шектеуге заңда белгіленген жағдайда және көзделген тәртіппен ғана жол беріледі.  
3. Мемлекеттік органдар, қоғамдық бірлестіктер, лауазымды адамдар және бұқаралық ақпарат құралдары әр адамға өз құқықтары мен мүдделеріне қатысты құжатпен, шешіммен және ақпарат көзімен танысу мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті.

## 22-БАП

1. Әр адам өзінің қай ұлтқа жататынын айқындауға, оны көрсетуге не көрсетпеуге құқылы.  
2. Әр адамның ана тілі мен төл мәдениетін қолдануға, қарым-қатынас жасау, тәрбие беру, оқу мен шығармашылық тілін еркін таңдауға құқығы бар.

## 23-БАП

1. Сөз еркіндігіне, ғылыми, техникалық, көркем шығармашылық еркіндігіне кепілдік беріледі.  
2. Зияткерлік меншік заңмен қорғалады.  
3. Мемлекеттік құпияларды қоспағанда, еркін ақпарат алу және тарату құқығы заңмен тыйым салынбаған кез келген тәсілмен іске асырылады. Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларын құрайтын мәліметтер тізбесі заңда айқындалады.  
4. Сөз еркіндігі және ақпарат тарату еркіндігі басқа адамдардың ар-намысы мен қадір-қасиетіне, азаматтардың денсаулығы мен қоғамның адамгершілік болмысына нұқсан келтірмеуге, қоғамдық тәртіпті бұзбауға тиіс.  
5. Цензураға тыйым салынады.

6. Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысы негіздерін күштеп өзгертуді, аумағының тұтастығына, Егемендігі мен Тәуелсіздігіне қол сұғуды, қоғамдық тәртіпті бұзуды, ұлттық қауіпсіздікке нұқсан келтіруді, соғысты, қарулы қақтығысты, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, этностық, діни басымдықты немесе алауыздықты, қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа бас ұруды насихаттауға, сондай-ақ осындай әрекеттерге шақыруға жол берілмейді.

## 24-БАП

1. Заңда белгіленген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының аумағында заңды түрде жүрген әр адамның ел аумағында еркін жүріп-тұруға және тұрғылықты жерін еркін таңдауға құқығы бар.  
2. Әр адамның Қазақстан Республикасынан тыс жерге шығуға құқығы бар. Бұл құқықты шектеуге заңда белгіленген жағдайда және көзделген тәртіппен жол беріледі. Қазақстан Республикасы азаматтарының Қазақстан Республикасына кедергісіз оралуға құқығы бар.

## 25-БАП

1. Әр адамның ар-ождан бостандығына құқығы бар.  
2. Ар-ождан бостандығы құқығын пайдалану жалпы-адамзат пен азамат құқықтарын, мемлекет алдындағы міндеттерді шектемеуге тиіс.

## 26-БАП

1. Қазақстан Республикасы азаматтарының бірлестік құру бостандығына құқығы бар. Қоғамдық бірлестік қызметі заңмен реттеледі.  
2. Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты, Жоғарғы Соты және өзге де соттары төрағалары мен судьяларының, Орталық сайлау комиссиясы, Жоғары аудиторлық палатасы төрағалары мен мүшелерінің, құқық қорғау органы және арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері мен жұмыскерлерінің, әскери қызметшілердің саяси партия мен кәсіптік одаққа болуға, қандай да бір саяси партияға немесе қоғамдық-саяси қозғалысқа қолдау көрсетуге не сыни пікір білдіруге құқығы жоқ.

## 27-БАП

1. Әр адамның еңбек етуге, қызмет пен кәсіп түрін еркін таңдауға құқығы бар. Еңбекке мәжбүрлен тартуға қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін адамды кінәлі деп тану туралы сот актісінің негізінде, не төтенше жағдайда, не соғыс жағдайында жол беріледі.  
2. Қазақстан Республикасы қауіпсіздік пен гигиена талаптарына сай еңбек жағдайлары құқығына, еңбегі үшін қандай да бір кемсітуді сыяқай алу, сондай-ақ әлеуметтік қорғалу құқығына заңға сәйкес кепілдік береді.  
3. Заңда белгіленген тәсілдерді қолдана отырып, жеке және ұжымдық еңбек дауларын шешу құқығы танылады.  
4. Тынығу, жұмыс уақытының ұзақтығы, демалыс және мереке күндері, ақы төленетін демалыс құқығына заңмен кепілдік беріледі.

## 28-БАП

1. Тұрғын үйге қол сұғуға болмайды. Сот шешімінсіз тұрғын үйден айыруға және шығарып жіберуге жол берілмейді. Тұрғын үйге басып кіруге, оны қарап-тексеруге, тінтуге заңда белгіленген жағдайда және көзделген тәртіппен жол беріледі.  
2. Қазақстан Республикасында өз азаматтарын тұрғын үймен қамтамасыз етуге жағдай жасалады. Тұрғын үй соған мұқтаж азаматтардың заңда көрсетілген санаттарына заңда белгіленген нормаларға сәйкес беріледі.  
29-БАП  
1. Қазақстан Республикасы азаматтарының заңды түрде алған кез келген мүлкіне жеке меншік құқығы бар.  
2. Меншікке және мүрагерлік құқыққа заңмен кепілдік беріледі.  
3. Сот шешімінсіз ешкімді өз мүлкінен айыруға болмайды. Заңмен көзделген айрықша жағдайда мемлекет мұқтажы үшін мүлкіт мәжбүрленпеліктен шығаруға оның тең құны өтелген кезде жол беріледі.  
4. Қазақстан Республикасы кәсіпкерлік қызмет бостандығы құқығына, өз мүлкін кез келген заңды кәсіпкерлік қызмет үшін еркін пайдалану құқығына кепілдік береді. Монополистік қызмет заңмен реттеледі немесе шектеледі. Жосықсыз бәсекеге тыйым салынады.

## 30-БАП

1. Неке және отбасы, ана, әке мен бала мемлекет қорғауында болады.  
2. Неке – ер мен әйелдің мемлекет заңға сәйкес тіркеген ерікті және тең құқықты одағы.  
3. Балаға қамқорлық жасау және тәрбие беру – атаның етене құқығы әрі міндеті.  
4. Кәмелетке толған еңбекке қабілетті балалар еңбекке жарамсыз ата-анасына қамқорлық жасауға міндетті.

## 31-БАП

1. Қазақстан Республикасының азаматына жалақы мен зейнетақының ең төмен мөлшеріне кепілдік беріледі, сондай-ақ жасына, науқастандығына, мүгедектігіне, асыраушысынан айырылуына байланысты және өзге де заңды негіздер бойынша әлеуметтік қамсыздандыруға кепілдік беріледі.  
2. Қазақстан Республикасында ерікті әлеуметтік сақтандыру, өзге де әлеуметтік қамсыздандыру нысандары, волонтерлік қызмет пен қайырымдылық қолдау табады.

## 32-БАП

1. Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулығын сақтауға құқығы бар.  
2. Қазақстан Республикасының азаматтары заңда белгіленген медициналық көмекті ақы төлемей алуға құқылы.  
3. Мемлекеттік және жекеменшік емдеу мекемелерінде, сондай-ақ жеке медициналық практикамен айналысатын тұлғалардан ақылы медициналық көмек алу заңда белгіленген негіздерде және көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

## 33-БАП

1. Қазақстан Республикасы азаматтарының мемлекеттік оқу орындарында ақы төлемей орта білім алуына кепілдік беріледі. Бастауыш және негізгі орта білім міндетті.  
2. Қазақстан Республикасы азаматының заңға сәйкес жоғары оқу орындарында жоғары білім алуға құқығы бар.  
3. Жекеменшік оқу орындарында ақылы білім алу заңда белгіленген негіздерде және көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.  
4. Мемлекет жалпыға міндетті білім беру стандарттарын белгілейді. Барлық оқу орнының қызметі осы стандарттарға сәйкес келуге тиіс.  
5. Рухани (діни) білім беру ұйымдарын қоспағанда, Қазақстан Республикасының аумағындағы білім беру ұйымдарында білім мен тәрбие беру жүйесі зайырлы сипатқа ие.

## 34-БАП

Қазақстан Республикасы азаматтарының бейбіт жиналысқа құқығы бар. Бұл құқықты пайдалану конституциялық құрылыс негіздерін, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қоғамдық тәртіпті, азаматтардың денсаулығы мен қоғамның адамгершілік болмысын сақтау мақсатында заңмен шектелуі мүмкін.

## 35-БАП

1. Қазақстан Республикасы азаматтарының тікелей және өз өкілдері арқылы мемлекет ісін басқаруға қатысуға, мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарына өзі жүгінуге, сондай-ақ жеке және ұжымдық өтініш жолдауға құқығы бар.  
2. Қазақстан Республикасы азаматтарының мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарын сайлауға және оларға сайлануға, сондай-ақ жалпыхалықтық референдумға қатысуға құқығы бар. Жалпыхалықтық референдум өткізу тәртібі конституциялық заңда айқындалады.  
3. Сот әрекетке қабілетсіз деп таныған Қазақстан Республикасы азаматтарының, сондай-ақ сот үкімімен бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеп жүрген Қазақстан Республикасы азаматтарының сайлауға, жалпыхалықтық референдумға қатысуға құқығы жоқ.  
4. Сот әрекетке қабілетсіз деп таныған Қазақстан Республикасы азаматтарының, сотталғандығы заңда белгіленген тәртіппен жойылмаған немесе алынбаған Қазақстан Республикасы азаматтарының, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық қылмыс немесе сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға қатысты кінәсіз сот заңда белгіленген тәртіппен таныған Қазақстан Республикасы азаматтарының сайлануға құқығы жоқ.  
4. Қазақстан Республикасы азаматтарының мемлекеттік қызметке кіруге тең құқығы бар. Мемлекеттік қызметші лауазымына кандидатқа қойылатын талаптар заңға сәйкес лауазымдық міндетінің сипатына ғана қатысты болады.

## 36-БАП

1. Әр адам Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңнамасын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, ар-намысын мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті.  
2. Әр адам Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге міндетті.

## 37-БАП

1. Қазақстан Республикасының азаматтары табиғатты сақтауға және табиғи байлыққа ұқыпты қарауға міндетті.  
2. Мемлекет адамның өмір сүруіне және денсаулығына қолайлы болатын қоршаған ортаны қорғауды мақсат етеді.  
3. Адам өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға қатер төндіретін фактілерді, мән-жайларды лауазымды адамдардың жасыруы заңға сәйкес жауаптылыққа алып келеді.

## 38-БАП

Заңды түрде белгіленген салықтарды, алымдарды және өзге де міндетті төлемдерді төлеу – әр адамның боршы мен міндеті.

## 39-БАП

1. Қазақстан Республикасын қорғау – оның әр азаматының қасиетті парызы мен міндеті.  
2. Қазақстан Республикасының азаматтары әскери қызметті заңда белгіленген түрде және көзделген тәртіппен өткереді.

## 40-БАП

Қазақстан Республикасының азаматтары тарихи және мәдени мұраны сақтауына қамқор болуға, тарих пен мәдениет ескерткіштеріне ұқыпты қарауға міндетті.

## 41-БАП

1. Адамның және азаматтық құқықтары мен бостандықтары конституциялық құрылыс негіздерін, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қоғамдық тәртіпті, азаматтардың денсаулығы мен қоғамның адамгершілік болмысын сақтау мақсатында тек заңмен және қажетті шамада ғана шектелуі мүмкін.  
2. Этносаралық және конфессияаралық татулықты бұзуға алып келетін әрекет конституциялық емес деп танылады.  
3. Азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын саяси себептермен шектеуге жол берілмейді. Қазақстан Республикасы Конституциясының 12, 14, 16, 17, 20, 22, 25-баптарында көзделген құқықтар мен бостандықтар ешбір жағдайда шектелмеуге тиіс.

## III БӨЛІМ

### ПРЕЗИДЕНТ

## 42-БАП

1. Қазақстан Республикасының Президенті – мемлекет басшысы, мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттарын айқындайтын, Қазақстан атынан ел ішінде және халықаралық қатынастарда өкілдік ететін ең жоғары лауазымды тұлға.  
2. Қазақстан Республикасының Президенті – халық пен мемлекеттік билік бірлігінің, Конституцияның мызғымастығының, адамның және Қазақстан Республикасы азаматының құқықтары мен бостандықтарының нышаны әрі кепілі.  
3. Қазақстан Республикасының Президенті мемлекеттік биліктің барлық тармағының үйлесімді әрі кедергісіз жұмыс істеуін, билік органдарының біртұтас Қазақстан халқының алдындағы жауапкершілігін қамтамасыз етеді.

## 43-БАП

1. Қазақстан Республикасының Президентін Қазақстан Республикасының кәметелік толған азаматтары конституциялық заңға сәйкес жалпыға бірдей, тең және төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы жеті жыл мерзімге сайлайды.  
Конституцияға сәйкес бір адам бір реттен артық Қазақстан Республикасының Президенті болып сайлана алмайды.  
2. Қазақстан Республикасының Президенті болып табылатын Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын, қырық жасқа толған, мемлекеттік тілді жетік меңгерген, Қазақстанда соңғы он бес жыл бойы тұратын, жоғары білімі бар және мемлекеттік қызметте немесе сайланбалы мемлекеттік лауазымда кемінде бес жыл жұмыс істеген Қазақстан Республикасының азаматы сайлана алады.  
3. Қазақстан Республикасы Президентінің кезекті сайлауы оның өкілеттік мерзімі аяқталғанға дейін екі айдан кешіктірмей өткізіледі және Қазақстан Республикасы Құрылтайының жаңа құрамын сайлау мерзімімен тұспа-тұс келмеуге тиіс.  
4. Дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың елу пайызынан астам дауысын алған кандидат сайланды деп саналады. Кандидаттардың ешқайсысы елу пайыздан астам дауыс ала алмаса, ең көп дауыс санын алған екі кандидат қайта дауысқа салынады. Дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың ең көп дауыс санын алған кандидат сайланды деп саналады.  
5. Осы баптың 1-тармағының ережелері өзгермейді.

## 44-БАП

1. Қазақстан Республикасының Президенті: «Қазақстан халқына адал қызмет етуге, Қазақстан Республикасының Конституциясын мен заңдарын қатаң сақтауға, Қазақстан Республикасы азаматтарының құқықтары мен бостандықтарына кепілдік беруге, өзіме жүктелген Қазақстан Республикасы Президентінің мәртебелі міндетін адал атқаруға салтанатты түрде ант етімін», – деп халыққа ант берген сәттен бастап қызметіне кіріседі.  
2. Ант беру рәсімі сайлау қорытындысы жарияланған күннен бастап бір ай ішінде Қазақстан Республикасы Құрылтайы депутаттарының, Конституциялық Соты, Жоғарғы Соты судьяларының, экс-Президенттерінің, сондай-ақ қоғам өкілдері мен шақырылған шетел азаматтарының қатысуымен өткізіледі. Конституцияның 51-бабында көзделген жағдайда Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттігін қабылдаған тұлға Қазақстан Республикасының Президенті өз еркімен орнынан түсуіне, денсаулық жағдайына қараы өз міндеттерін атқаруға тұрақты қабілетінің болмауына немесе қызметінен кетірілуіне байланысты мерзімінен бұрын лауазымынан босатылған не қайтыс болған күннен бастап жеті күн ішінде ант береді.  
3. Жаңадан сайланған Қазақстан Республикасының Президенті қызметіне кіріскен сәттен бастап, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Президенті өз еркімен орнынан түсуіне, денсаулық жағдайына қарай өз міндеттерін атқаруға тұрақты қабілетінің болмауына немесе қызметінен кетірілуіне байланысты мерзімінен бұрын лауазымынан босатылған не қайтыс болған жағдайда Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттігі тоқтатылады. Қызметінен кетірілгендерден басқа, Қазақстан Республикасының барлық бұрынғы Президенттерінің Қазақстан Республикасының экс-Президенті атағы болады.

## 45-БАП

1. Қазақстан Республикасы Президентінің өз өкілеттігі кезеңінде өкілді органның депутаты болып сайлануға, өзге де ақы төленетін лауазымды атқаруға, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ саяси партияда болуға құқығы жоқ.  
2. Қазақстан Республикасы Президентінің жақын туыстарының мемлекеттік саяси қызметші лауазымында, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің басшы лауазымында болуға құқығы жоқ.

## 46-БАП

Қазақстан Республикасының Президенті:  
1) Қазақстан халқына елдегі жағдай мен Қазақстан Республикасының ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттары туралы жолдау жасайды;  
2) депутаттардың жалпы санының көпшілік дауысымен берілген Құрылтай келісімімен Қазақстан Республикасының Вице-Президентін тағайындайды; Вице-Президентті лауазымынан босатады, оның өкілеттігін айқындайды.  
Конституцияның 62-бабының 3-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, Вице-Президентті тағайындауға келісім беруден қайта бас тартылған жағдайда Қазақстан Республикасының Президенті Құрылтайды таратуға құқылы;  
3) Қазақстан Республикасы Құрылтайының кезекті және кезектен тыс сайлауын тағайындайды; Құрылтайдың бірінші сессиясын шақырады және оның депутаттарының Қазақстан халқына беретін антын қабылдайды; Құрылтайдың кезектен тыс сессиясын шақырады; Құрылтай ұсынған заңға бір ай ішінде қол қояды, заңды халыққа жариялайды немесе заңды не оның жекелеген баптарын қайта талқылап, дауысқа салу үшін қайтарады;  
4) Құрылтайда өкілдігі бар саяси партиялар фракцияларымен консультациядан кейін Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің кандидатурасын келісім беру үшін Құрылтайдың қарауына ұсынады; депутаттардың жалпы санының көпшілік дауысымен берілген Құрылтай келісімімен Премьер-Министрді тағайындайды; Премьер-Министрді лауазымынан босатады; Премьер-Министрдің ұсынуымен Үкімет құрылымын айқындайды; Құрылтаймен консультациядан кейін Премьер-Министр ұсынған Үкімет мүшелерін тағайындайды; сыртқы істер, қорғаныс, ішкі істер министрлерін дербес тағайындайды; Үкімет мүшелерін лауазымынан босатады; Үкімет мүшелерінің антын қабылдайды; аса маңызды мәселелер бойынша Үкімет отырыстарына төрағалық етеді.  
Конституцияның 62-бабының 3-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, Премьер-Министрді тағайындауға келісім беруден қайта бас тартылған жағдайда Қазақстан Республикасының Президенті Құрылтайды таратуға құқылы;  
5) Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының Төрағасын, Жоғарғы Сотының Төрағасын, Ұлттық Банкінің Төрағасын, Бас Прокурорын, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасын, Орталық сайлау комиссиясының Төрағасын, Жоғары аудиторлық палатасының Төрағасын, Жоғары Сот Кеңесінің Төрағасын, Мемлекеттік күзет қызметінің Бастығын, Қазақстан Республикасындағы

Адам құқықтары жөніндегі уәкілді тағайындайды және оларды лауазымынан босатады;

6) Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдарды құрады, таратады және қайта құрады, олардың басшыларын тағайындайды және лауазымынан босатады;  
7) Қазақстан Республикасы дипломатиялық өкілдіктерінің басшыларын тағайындайды және кері шақырып алады;

8) депутаттардың жалпы санының көпшілік дауысымен берілген Құрылтай келісімімен Конституциялық Соттың он судьясын сегіз жыл мерзімге, Орталық сайлау комиссиясының алты мүшесін бес жыл мерзімге, Жоғары аудиторлық палатаның сегіз мүшесін бес жыл мерзімге тағайындайды; оларды лауазымынан босатады.  
Конституцияның 62-бабының 3-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, Конституциялық Сот судьяларын, Орталық сайлау комиссиясын мен Жоғары аудиторлық палата мүшелерін тағайындауға келісім беруден қайта бас тартылған жағдайда Қазақстан Республикасының Президенті Құрылтайды таратуға құқылы;

9) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас Қолбасшысы болып табылады, Қарулы Күштердің жоғары қолбасшылығын тағайындайды және лауазымынан босатады;  
10) жалпыхалықтық референдум өткізу туралы шешім қабылдайды;

11) адамның және Қазақстан Республикасы азаматының құқықтары мен бостандықтарын қорғау, ұлттық қауіпсіздікті, мемлекеттің Егемендігі мен тұтастығын қамтамасыз ету мүддесінде Конституциялық Сотқа күшіне енген заңның немесе өзге де құқықтық актінің Конституцияға сәйкестігін қарау туралы және Конституцияның 93-бабында көзделген жағдайда қорытынды беру туралы өтініш жібереді;  
12) Қазақстан Республикасының атынан келіссөздер жүргізеді және халықаралық шарттарға қол қояды; ратификациялық грамоталарға қол қояды; шет мемлекеттердің Қазақстан Республикасында аккредиттелген дипломатиялық өкілдіктері басшыларының, сондай-ақ халықаралық ұйым басшыларының сенім және кері шақырып алу грамоталарын қабылдайды;

13) мемлекеттік наградаларды, құрметті атақтарды белгілейді;  
14) мемлекеттік наградалармен марапаттайды, құрметті атақтарды, жоғары әскери және өзге де атақтарды, сыныптық шендерді, дипломатиялық дәрежелерді, біліктілік сыншптарын береді;

15) Қазақстан Республикасының азаматтығы мәселесін, саяси баспана беру мәселесін шешеді;  
16) кешірім беруді жүзеге асырады;

17) Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі мен аумағының тұтастығына, ішкі саяси тұрақтылығына, азаматтарының қауіпсіздігіне тікелей қатер төнсе және бұл мемлекеттік конституциялық органдардың жұмыс істеуін бұзуға алып келсе, Қазақстан Республикасының Премьер-Министрімен және Құрылтайы Төрағасымен ресми консультациядан кейін Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында немесе жекелеген аймақтарында төтенше жағдай енгізуді, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін қолдануды қоса алғанда, осы мән-жайлар талап ететін шараларды қабылдайды;

18) Қазақстан Республикасына қарсы агрессия жасалған не оның қауіпсіздігіне сырттан тікелей қатер төнген жағдайда Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында немесе оның жекелеген аймақтарында соғыс жағдайын енгізеді, ішкіна не жалпы жұмылдыру жариялайды, бұл жөнінде Қазақстан Республикасының Құрылтайына дереу хабарлайды;

19) өзіне бағынатын Мемлекеттік күзет қызметін құрады;  
20) Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігін құрады;  
21) Қауіпсіздік Кеңесін, өзге де консультативтік-кеңесші органдарды, сондай-ақ Жоғары Сот Кеңесін құрады;

22) Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына сәйкес басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

## 47-БАП

1. Қазақстан Республикасының Президенті Конституция мен заңдар негізінде және олардың орнындауы үшін Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында міндетті күші бар жарлықтар мен өкімдер шығарады.

2. Қазақстан Республикасының Президенті Құрылтай өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылып, ол уақытша болмаған кезеңде Қазақстан Республикасының конституциялық заң күші немесе заң күші бар жарлықтар шығарады.

3. Қазақстан Республикасының Президенті қол қойғанға дейін заңдарды Құрылтай Төрағасы мен Премьер-Министр алдын ала қол қойып бекемдейді және оларға заңдардың Конституция мен заңдарға сәйкестігі үшін жауаптылық жүктеледі.

Үкімет бастамасымен шығарылатын Қазақстан Республикасы Президентінің актілерін Премьер-М

# ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯНЫҢ ЖОБАСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ РЕФЕРЕНДУМҒА ШЫҒАРЫЛДЫ

*(Жалғасы. Басы 4,5-беттерде)*

мынан босатылуы мүмкін. Бұл жағдайда Құрылтай депутаттардан және тиісті медицина салаларының мамандарынан тұратын комиссия құрады. Мерзімінен бұрын босату туралы шешім комиссияның қорытындысы негізінде және Конституциялық Соттың белгіленген конституциялық рәсімдердің сақталғаны туралы қорытындысы негізінде Құрылтай отырысында депутаттардың жалпы санының кемінде төрттен үшінші дауысымен қабылданады.

3. Қазақстан Республикасының Президенті өз өкілеттігін атқару кезіндегі әрекеті үшін мемлекетке опасыздық жасағанда ғана жауапты болады және бұл үшін Құрылтай оны қызметінен кетіруі мүмкін. Қазақстан Республикасының Президентіне мемлекетке опасыздық жасады деп айып тағу және оны тергеп-тексеру туралы бастаманы Құрылтай депутаттары жалпы санының кемінде үштен бірі көтереді. Бұл мәселе бойынша шешім Құрылтай депутаттарының жалпы санының көпшілік дауысымен қабылданады. Құрылтай тағалған айыпты тергеп-тексеруді ұйымдастырады және оның нәтижелері Құрылтай депутаттары жалпы санының көпшілік дауысымен Құрылтай отырысының қарауына шығарылады. Бұл мәселе бойынша түпкілікті шешім Жоғарғы Соттың айып тағудың негізділігі туралы қорытындысы және Конституциялық Соттың белгіленген конституциялық рәсімдердің сақталғаны туралы қорытындысы болған жағдайда Құрылтай отырысында депутаттардың жалпы санының кемінде төрттен үшінші дауысымен қабылданады. Айып тағылған сәттен бастап екі ай ішінде түпкілікті шешім қабылданбаса, бұл Қазақстан Республикасының Президентіне қарсы айыпты қабылданбады деп таңуға алып келеді. Қазақстан Республикасының Президентіне мемлекетке опасыздық жасады деп тағылған айыптың кез келген сатыда қабылданбауы осы мәселені қарауға бастамашы болған Құрылтай депутаттарының өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға алып келеді.

4. Қазақстан Республикасының Президентін қызметінен кетіру туралы мәселе Құрылтайдың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату мәселесін қарау кезеңінде ұсынылмайды.

## 51-БАП

1. Қазақстан Республикасының Президенті өз еркімен орнын тәуісіне, денсаулық жағдайына қарай өз міндеттерін атқаруға тұрақты қабілетінің болмауына немесе Қазақстан Республикасының Президенті қызметінен кетірілуіне байланысты мерзімінен бұрын лауазымынан босатылған, сондай-ақ қайтыс болған жағдайда Қазақстан Республикасы Президентінің өкілетті Вице-Президентке өтеді; Вице-Президенттің денсаулық жағдайына немесе жеке сипаттағы өзге де себептерге байланысты Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттігін қабылдауы мүмкін болмаған кезде Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттігі Құрылтай Төрағасына өтеді; Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттігін Құрылтай Төрағасының қабылдауы мүмкін болмаған кезде Қазақстан Республикасы Президентінің Премьер-Министрге өтеді.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттігін қабылдаудан бас тарту жөнінде шешім қабылдаған тұлға Конституциялық Сотқа Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттігін қабылдаудан бас тарту туралы мәлімдеме береді. Конституциялық Сот Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттігін қабылдаудан бас тарту туралы мәлімдемені осы тұлғаның өзі және өз еркімен бергенін растайды және қорытынды береді.

3. Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттігін қабылдаған тұлға тиісінше Вице-Президент, Құрылтай Төрағасы, Премьер-Министр өкілеттігін доғарады. Бұл жағдайда бос мемлекеттік лауазымдарға орналасу Конституцияда көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

2. Қазақстан Республикасының Президенті өз еркімен орнын тәуісіне, денсаулық жағдайына қарай өз міндеттерін атқаруға тұрақты қабілетінің болмауына немесе Қазақстан Республикасының Президенті қызметінен кетірілуіне байланысты мерзімінен бұрын лауазымынан босатылған не қайтыс болған күннен бастап жеті күн ішінде Құрылтай Қазақстан Республикасы Президентінің сайлауын өткізу туралы жариялайды. Сайлау Құрылтай тиісті шешім қабылдаған күннен бастап екі ай ішінде өткізіледі.

3. Осы баптың 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттігін қабылдаған тұлғаның Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізуге бастама жасауға, сондай-ақ Құрылтайды таратуға құқығы жоқ.

## IV БӨЛІМ ҚҰРЫЛТАЙ

### 52-БАП

1. Қазақстан Республикасының Құрылтайы – заң шығару билігін жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының жоғары өкілді органы.

2. Құрылтайдың өкілеттігі оның бірінші сессиясы ашылған кезден басталады және жаңадан шақырылған Құрылтайдың бірінші сессиясының жұмысы басталған кезде аяқталады.

3. Құрылтайдың өкілеттігі Конституцияда көзделген жағдайда және белгіленген тәртіппен мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін.

4. Құрылтайдың ұйымдастырылуы мен қызметі, оның депутаттарының құқықтық жағдайы конституциялық заңда айқындалады.

### 53-БАП

1. Құрылтай біртұтас жалпыұлттық сайлау округінің аумағы бойынша пропорциялы өкілдік жүйе негізінде конституциялық заңда белгіленген тәртіппен сайланатын бір жүз қырық бес депутаттан тұрады.

2. Құрылтай депутаттарының өкілеттік мерзімі – бес жыл.

### 54-БАП

1. Құрылтай депутаттары жалпыға бірдей, тең және төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы сайланады. Құрылтай депутаттарының кезекті сайлау жұмысы істеп тұрған Құрылтай шақырылуының өкілеттік мерзімі аяқталғанға дейін екі айдан кешіктірілмей өткізіледі.

2. Құрылтай депутаттарының кезектен тыс сайлауы Құрылтайдың өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған күннен бастап екі ай ішінде өткізіледі.

3. Жырма бес жасқа толған, Қазақстан Республикасының азаматтығы бар, оның аумағында соңғы он жыл бойы тұрақты тұрып жатқан адам Құрылтай депутаты бола алады.

4. Құрылтай депутаттарының сайлауы конституциялық заңмен реттеледі.

5. Құрылтай депутаттары Қазақстан халқына ант береді.

### 55-БАП

1. Құрылтай депутаттары оның жұмысына қатысуға міндетті. Құрылтайда депутаттың жеке өзі дауыс береді. Депутат Құрылтай мен оның органдарының отырыстарына дәлелді себепсіз үш реттен артық қатыспаса, сол сияқты дауыс беру құқығын басқаға берсе, бұл заңда белгіленген жазалау шараларын қолдануға алып келеді.

2. Құрылтай депутатының басқа өкілді органның депутаты болуға, оқытушылық, ғылыми, шығармашылық қызметтен басқа ақты түзетін лауазымды атқаруға, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға, коммерциялық ұйымның басшы органының немесе байқаушы кеңесінің

құрамына кіруге құқығы жоқ. Осы талаптарды бұзу депутаттың өкілеттігін тоқтатуға алып келеді.

3. Құрылтай депутатын қылмыс орнында немесе ауыр және аса ауыр қылмыс жасағанда ұстау жағдайларын қоспағанда, оны өз өкілеттігі мерзімі ішінде Құрылтайдың келісімінсіз ұстауға, күзетпен ұстауға, күштеп әкелуге, сот тәртібімен қолданылатын әкімшілік жазалауға, қылмыстық жауаптылыққа тартуға болмайды.

4. Құрылтай депутатының өкілеттігі депутат орнынан түскен, қайтыс болған, заңды күшіне енген сот шешімімен әрекетке қабілетсіз, қайтыс болған немесе хабарсыз кеткен деп танылған және Конституция мен конституциялық заңда көзделген өзге де жағдайда тоқтатылады.

Құрылтай депутаты:

- 1) Қазақстаннан тыс жерге тұрақты тұруға кеткен;
- 2) өзіне қатысты соттың айыптау үкімі заңды күшіне енген;

3) Қазақстан Республикасының азаматтығы тоқтатылған;

4) сайланған саяси партиясынан шыққан немесе шығарылған;

5) сайланған саяси партиясы қызметін тоқтатқан кезде мандатынан айырылғанды.

Құрылтай депутаттарының өкілеттігі Құрылтай тарапынан жағдайда тоқтатылады.

5. Депутаттарға жазалау шараларын қолдануға, олардың осы баптың 2-тармағының талаптарын және депутаттық әдеп қағидаларын сақтауына, сондай-ақ депутаттардың өкілеттігін тоқтатуға, оларды өкілеттігінен және қол сұғылмау кепілдігінен айыруға байланысты мәселелерді дайындау Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясына жүктеледі.

### 56-БАП

Құрылтай:

- 1) конституциялық заңдарды және заңдарды қабылдайды;

2) Қазақстан Республикасының Президенті қарсылық білдірген заңдарды немесе заң баптарын қарсылық жіберілген күннен бастап бір ай мерзімде қайта талқылап, дауысқа салады. Бұл мерзімнің сақталмауы Президент қарсылығының қабылданғанын білдіреді. Егер Құрылтай конституциялық заңдар немесе конституциялық заң баптары бойынша депутаттардың жалпы санының төрттен үшінші дауысымен, ал заңдар немесе заң баптары бойынша депутаттардың жалпы санының үштен екісінің дауысымен Президенттің қарсылығын еңсерсе, Президент бір ай ішінде конституциялық заңға немесе заңға қол қояды. Егер Президенттің қарсылығы еңсерілмесе, конституциялық заң немесе заң қабылданбады немесе Президент ұсынған редакцияда қабылданды деп саналады;

3) соғыс және бітім мәселелерін шешеді;

4) Қазақстан Республикасы Президентінің ұсынысы бойынша бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау жөніндегі халықаралық міндеттемелерді орындау үшін Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін қолдану туралы шешім қабылдайды;

5) Қазақстан Республикасы Президентінің сайлауын жариялайды;

6) жалпыхалықтық референдум тағайындау туралы бастама көтереді;

7) Қазақстан Республикасының Президентіне Құрылтай депутаттары жалпы санының көпшілік дауысымен Қазақстан Республикасының Вице-Президентін тағайындауға келісім береді;

8) Қазақстан Республикасының Президентіне Құрылтай депутаттары жалпы санының көпшілік дауысымен Қазақстан Республикасының Премьер-Министрін тағайындауға келісім береді;

9) Қазақстан Республикасы Президентінің Конституциялық Сот судьяларын, Орталық сайлау комиссиясы, Жоғары аудиторлық палата мүшелерін тағайындауына Құрылтай депутаттары жалпы санының көпшілік дауысымен келісім береді;

10) Қазақстан Республикасы Президентінің ұсынуымен Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьяларын сайлайды және лауазымынан босатады, олардың антын қабылдайды;

11) Конституциялық Сот судьяларын, Жоғарғы Сот судьяларын қол сұғылмау кепілдігінен айырады;

12) Құрылтай депутатының өкілеттігін тоқтатады, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының ұсынуымен Құрылтай депутатын қол сұғылмау кепілдігінен айыру мәселесін шешеді;

13) Құрылтай депутаттары жалпы санының кемінде бестен бірінші бастамасы бойынша Құрылтай депутаттары жалпы санының көпшілік дауысымен Үкіметке сенімсіздік вотумын білдіруге құқылы;

14) Конституциялық Соттың Қазақстан Республикасындағы конституциялық заңдылықтың жай-күйі туралы жыл сайынғы жолдауын тыңдайды;

15) жылына екі рет Жоғары аудиторлық палата Төрағасының есебін тыңдайды;

16) Үкімет пен Жоғары аудиторлық палатаның республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есептерін талқылайды және бекітеді. Құрылтайдың республикалық бюджеттің атқарылуы туралы Үкімет есебін бекітпеуі Құрылтайдың Үкіметке сенімсіздік вотумын білдіруі деп саналады;

17) Құрылтай депутаттары жалпы санының кемінде үштен бірінші бастамасымен Қазақстан Республикасы Үкіметі мүшелерінің өз қызметі жөніндегі есептерін тыңдауға құқылы. Үкімет мүшесі Қазақстан Республикасының заңдарын орындамаған жағдайда, есепті тыңдау қорытындысы бойынша Құрылтай депутаттары жалпы санының кемінде үштен екісінің дауысымен Қазақстан Республикасының Президентіне оны лауазымынан босату туралы өтініш білдіру жөнінде шешім қабылдауға құқылы. Бұл жағдайда Қазақстан Республикасының Президенті Үкімет мүшесін лауазымынан босатады;

18) өз құзыретіндегі мәселелер бойынша тыңдау өткізеді;

19) өз қызметінің регламентін қабылдайды және Құрылтайдың жұмысын ұйымдастыруға, ішкі тәртібіне байланысты мәселелер бойынша өзге де шешім қабылдайды;

20) Құрылтайдың үйлестіру органын және жұмыс органдарын құрады;

21) Құрылтай комиссияларын құрады, төрағаларын сайлайды және лауазымынан босатады, комиссиялардың қызметі туралы есепті тыңдайды;

22) Құрылтайға Конституциямен жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

### 57-БАП

1. Құрылтайдың мемлекеттік тілді жетік меңгерген депутаттар арасынан Құрылтай депутаттары жалпы санының көпшілік дауысымен жасырын дауыс беру арқылы сайланған Төраға басқарады. Құрылтай Төрағасының лауазымына кандидатураны Қазақстан Республикасының Президенті ұсынады.

Құрылтай Төрағасын сайлаудан қайта бас тартқан жағдайда Қазақстан Республикасының Президенті Құрылтайды таратуға құқылы.

2. Құрылтай депутаттарының жалпы санының көпшілігі дауыс берген жағдайда Құрылтай Төрағасы лауазымынан кәрі шақырып алынуы, сондай-ақ орнынан түсуі мүмкін.

3. Құрылтай Төрағасы:

1) Құрылтай отырысын шақырады және оған төрағалық етеді;

2) Құрылтайдың қарауына енгізілетін мәселелерді дайындауға жалпы басшылық етеді;

3) Құрылтай Төрағасының орынбасарларын лауазымға сайлау үшін Құрылтайға кандидатуралар ұсынады;

4) Құрылтайдың қызметінде регламенттің сақталуын қамтамасыз етеді;

5) Құрылтайдың үйлестіру органының қызметіне басшылық етеді;

6) Құрылтай шығаратын актіге қол қояды;

7) өзіне Құрылтай регламентімен жүктелетін басқа да міндеттерді атқарады.

4. Конституцияда өзгеше көзделмесе, Құрылтай Төрағасы Құрылтай сессиясын ашады.

5. Құрылтай Төрағасы өз құзыретіндегі мәселелер бойынша өкім шығарады.

### 58-БАП

1. Құрылтай сессиясы отырыс түрінде өткізіледі.

2. Құрылтайдың бірінші сессиясын Қазақстан Республикасының Президенті сайлау қорытындысы жарияланған күннен бастап отыз күннен кешіктірмей шақырады.

3. Құрылтайдың кезекті сессиясы жылына бір рет, қыркүйектің бірінші жұмыс күні мен маусымның соңғы жұмыс күні аралығында өткізіледі.

4. Сессия Құрылтай отырысында ашылады және жабылады. Құрылтай сессиясын, әдетте, Қазақстан Республикасының Президенті ашады. Құрылтай сессиялары арасындағы кезеңде Қазақстан Республикасының Президенті өз бастамасымен, Құрылтай Төрағасының немесе Құрылтай депутаттары жалпы санының кемінде үштен бірінші ұсынысымен Құрылтайдың кезектен тыс сессиясын шақыра алады. Онда сессияны шақыруға негіз болған мәселелер ғана қаралуы мүмкін.

5. Құрылтай отырысы Құрылтай депутаттары жалпы санының кемінде үштен екісі қатысқан жағдайда өткізіледі.

6. Құрылтай отырысы ашық түрде өтеді. Регламентте көзделген жағдайда отырыс жабық түрде өткізілуі мүмкін. Қазақстан Республикасы Президентінің, Вице-Президенттің, Премьер-Министрдің және Үкімет мүшелерінің, Қазақстан Халық Кеңесі Төрағасының, Ұлттық Банк Төрағасының, Бас Прокурордың, Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының кез келген отырысқа қатысуға және сөз сөйлеуге құқығы бар.

### 59-БАП

1. Құрылтай конституциялық заңда саны айқындалатын тұрақты комитеттер, сондай-ақ комиссиялар құрады.

2. Комитеттер мен комиссиялар өз құзыретіндегі мәселелер бойынша қаулы шығарады.

### 60-БАП

1. Заң шығаруға бастама жасау құқығы Қазақстан Республикасының Президентіне, Құрылтай депутаттарына, Үкіметке, Қазақстан Халық Кеңесіне тиесілі және тек қана Құрылтайда іске асырылады.

2. Қазақстан Республикасы Президенті заң жобаларын қараудың басымдығын айқындауға құқылы, бұл тиісті заң жобалары бірінші кезекте екі ай ішінде қабылдануға тиіс дегенді білдіреді.

3. Құрылтай:

1) жеке және заңды тұлғалардың құқық субъектісі болуына, азаматтық құқықтары мен бостандықтарына, жеке және заңды тұлғалардың міндеттемелері мен жауаптылығына;

2) меншік режиміне және өзге де заттық құқықтарға;

3) мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының ұйымдастырудың және олардың қызметінің, мемлекеттік және әскери қызметтің негіздеріне;

4) салық салуға, алымдар мен басқа да міндетті төлемдерді белгілеуге немесе олардың күшін жоюға;

5) республикалық бюджет, мемлекеттік қарыз, Қазақстан Республикасының экономикалық және өзге де көмек көрсету мәселелеріне;

6) сот құрылысы мен сот ісін жүргізу мәселелеріне;

7) рақымшылық жасау мәселелеріне;

8) білімге, ғылымға, мәдениетке, денсаулық сақтауға және әлеуметтік қамсыздандыруға;

9) кәсіпорындарды және олардың мүлкін жекешелендіруге;

10) қоршаған ортаны қорғауға;

11) Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысына;

12) мемлекет қорғанысы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге;

13) Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздеріне;

14) халықаралық шарттарды ратификациялауға және денонсациялауға;

15) мемлекеттік наградалар мен құрметті атақтарға;

16) Конституцияға сәйкес өзге де мәселелерге қатысты аса маңызды қоғамдық қатынастарды реттейтін, негіз құраушы қағидадар мен нормаларды белгілейтін заң шығаруға құқылы.

4. Халықтың өмірі мен денсаулығына, конституциялық құрылысқа, қоғамдық тәртіптің сақталуына, елдің экономикалық қауіпсіздігіне қатер төндіретін жағдайларға жедел ден қою мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі заң шығару бастамасымен енгізген заң жобаларын Құрылтай дереу қарауға тиіс.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген заң жобалары Құрылтайға енгізілген жағдайда Үкімет өзіне жауапкершілік ала отырып, осы баптың 3-тармағында көрсетілген мәселелер бойынша заң күші бар уақытша нормативтік құқықтық акт қабылдауға құқылы. Мұндай акт Құрылтай қабылдаған заң күшіне енгенге дейін немесе Құрылтай заң жобаларын қабылдамай тастағанға дейін қолданыста болады.

5. Құрылтай қабылдаған заң он күн ішінде Қазақстан Республикасының Президентіне қол қоюға ұсынылады. Құрылтай заң жобасын депутаттардың жалпы санының көпшілік дауысымен тұтастай қабылдамай тастауға құқылы. Мұндай жағдайда заң жобасы қабылданбады деп саналады және бастамашыға қайтарылады.

6. Мемлекеттік кірісті қысқартуды немесе мемлекеттік шығысты ұлғайтуды көздейтін заң жобалары Үкіметтің оң қорытындысы болған кезде ғана енгізілуі мүмкін. Қазақстан Республикасы Президентінің заң шығару бастамасымен Құрылтайға енгізілетін заң жобалары үшін мұндай қорытынды талап етілмейді.

7. Үкімет енгізген заң жобасы қабылданбаса, Премьер-Министр Құрылтай отырысында Үкіметке сенім білдіру мәселесін қоюға құқылы. Бұл мәселе сенім білдіру мәселесі қойылғаннан бастап қырық сегіз сағаттан кейін қана дауысқа салынады. Егер сенімсіздік вотумы туралы ұсыныс Құрылтай депутаттары жалпы санының көпшілік дауысын алмаса, заң жобасы дауысқа салынбай қабылданды деп саналады. Алайда Үкімет бұл құқықты жылына екі реттен артық пайдалана алмайды.

### 61-БАП

1. Құрылтай Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында міндетті күші бар заң және қаулы қабылдайды.

2. Заң Қазақстан Республикасының Президенті қол қойғаннан кейін күшіне енеді.

3. Конституциялық заң Қазақстан Республикасының Конституциясында көзделген мәселелер бойынша Құрылтай депутаттары жалпы санының кемінде үштен екісінің дауысымен қабылданады.

4. Конституцияда өзгеше көзделмесе, Құрылтай депутаттары жалпы санының көпшілік дауысымен заңды қабылдайды.

Конституцияда өзгеше көзделмесе, Құрылтай қаулысы депутаттардың жалпы санының көпшілік дауысымен қабылданады.

5. Заңдар, Құрылтай қаулылары Конституцияға қайшы келмеуге тиіс. Құрылтай қаулылары заңдарға қайшы келмеуге тиіс.

6. Қазақстан Республикасының заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілерін әзірлеу, ұсыну, талқылау, қолданысқа енгізу және жариялау тәртібі заңмен және Құрылтай регламентімен реттеледі.

### 62-БАП

1. Қазақстан Республикасының Президенті Құрылтай Төрағасымен және Премьер-Министрмен консултациядан кейін Құрылтайды таратуға құқылы.

2. Құрылтай келісімімен тағайындалатын лауазымға Президент ұсынған кандидатураны тағайындауға келісім беруден қайта бас тартылған, сондай-ақ Құрылтай Төрағасын сайлаудан қайта бас тартылған жағдайда Қазақстан Республикасының Президенті Құрылтайды таратуға құқылы.

3. Құрылтайды төтенше жағдай немесе соғыс жағдайы кезінде, Президент өкілеттігінің соңғы алы айында, сон

# ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯНЫҢ ЖОБАСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ РЕФЕРЕНДУМҒА ШЫҒАРЫЛДЫ

(Соңы. Басы 4,5,6-беттерде)

халқының мүддесін білдіретін жоғары консультативтік орган.

2. Қазақстан Халық Кеңесі Қазақстан Республикасының азаматтарынан құралады.

3. Қазақстан Халық Кеңесін құру, оның құрамын қалыптастыру тәртібі, өкілеттігі және қызметінің ұйымдастырылуы конституциялық заңда айқындалады.

## 71-БАП

Қазақстан Халық Кеңесі:

1) мемлекеттің ішкі саясатының негізгі бағыттары, қоғамдық келісімді, жалпыұлттық бірлік пен ынтымақты нығайту, Қазақстан Республикасы қызметінің негіз құраушы қағидаттарын және жалпыұлттық құндылықтарды ілгерілету жөнінде ұсыныстар мен ұсынымдар әзірлейді;

2) Құрылтайға заң жобаларын енгізеді;

3) жалпыхалықтық референдум тағайындау туралы бастама көтереді;

4) конституциялық заңға сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

## VII БӨЛІМ

### КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ СОТ

#### 72-БАП

1. Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты – конституциялық бақылауды жүзеге асыратын және бүкіл ел аумағында Қазақстан Республикасы Конституциясының үстемдігін қамтамасыз ететін тәуелсіз мемлекеттік орган.

2. Конституциялық Сот Төраға мен он судьядан тұрады. Олардың өкілеттік мерзімі – сегіз жыл.

Конституцияға сәйкес бір адам бір реттен артық Конституциялық Сот судьясы болып тағайындалмайды.

3. Конституциялық Сот Төрағасын Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайды және ол өкілеттік мерзімі ішінде Конституциялық Сот судьясы да болады.

Конституцияға сәйкес бір адам бір реттен артық Конституциялық Сот Төрағасы болып тағайындалмайды.

4. Конституциялық Сот судьяларын депутаттардың жалпы санының көпшілік дауысымен берілген Құрылтай келісімімен Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайды.

Конституциялық Сот Төрағасының орынбасарын Конституциялық Сот Төрағасының ұсынуымен Конституциялық Сот судьялары арасынан Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайды.

5. Конституциялық Сот судьясының депутат мандаты қатар алып жүруіне, оқытушылық, ғылыми, шығармашылық қызметтен басқа ақы төленетін лауазымды атқаруына, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруына, сондай-ақ коммерциялық ұйымның басқарушы органының немесе байқаушы кеңесінің құрамына кіруіне болмайды.

6. Конституциялық Сот Төрағасы мен судьяларын қылмыс орнында немесе ауыр және аса ауыр қылмыс жасағанда ұстау жағдайларын қоспағанда, оларды өз өкілеттігі мерзімі ішінде тиісінше Қазақстан Республикасы Президентінің не Құрылтайдың келісімінсіз ұстауға, күштеп ұстауға, күштеп әкелуге, сот тәртібімен қолданылатын әкімшілік жазалауға, қылмыстық жауаптылыққа тартуға болмайды.

7. Конституциялық Соттың ұйымдастырылуы және қызметі конституциялық заңмен реттеледі.

#### 73-БАП

1. Конституциялық Сот Қазақстан Республикасы Президентінің, Құрылтай Төрағасының, Құрылтай депутаттарының жалпы санының кемінде бестен бірінің, Премьер-Министрдің өтініші бойынша:

1) дау туындаған жағдайда Президенттің, Құрылтай депутаттарының сайлауын және жалпыхалықтық референдумды өткізудің дұрыстығы мәселесін шешеді;

2) Президент қол қойғанға дейін Құрылтай қабылдаған заңдардың Конституцияға сәйкестігін қарайды;

3) Құрылтай қабылдаған қаулылардың Конституцияға сәйкестігін қарайды;

4) халықаралық шарттарды ратификациялағанға дейін олардың Конституцияға сәйкестігін қарайды;

5) халықаралық ұйымдар мен олардың органдары шешімдерінің орындалуының Конституцияға сәйкестігін қарайды;

6) Конституция нормаларына ресми түсіндірме береді;

7) Конституцияның 50-бабының 2 және 3-тармақтарында белгіленген жағдайларда қорытынды береді.

2. Конституциялық Сот Конституцияның 46-бабының 11) тармақшасында көзделген жағдайда – Президенттің өтініші, сондай-ақ Конституцияның 79-бабында белгіленген жағдайда соттың өтініші қарайды.

3. Конституциялық Сот Қазақстан Республикасы азаматтарының Конституцияда көзделген құқықтары мен бостандықтарына тікелей қатысты Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Конституцияға сәйкестігін олардың өтініштері бойынша қарайды.

Қазақстан Республикасы азаматтарының Конституциялық Сотқа жүгіну тәртібі мен шарттары конституциялық заңда айқындалады.

4. Конституциялық Сот осы баптың 1-тармағының 4), 5) және 6) тармақшаларында көрсетілген мәселелерді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Конституцияға сәйкестігін Бас Прокурордың өтініші бойынша қарайды.

5. Конституциялық Сот адамның және азаматтың Конституцияда бекітілген құқықтары мен бостандықтарына қатысты Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Конституцияға сәйкестігін Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің өтініші бойынша қарайды.

6. Конституциялық Сот Конституцияның 50-бабының 1-тармағында және 51-бабының 1-тармағында белгіленген жағдайларда қорытынды береді.

#### 74-БАП

1. Конституцияның 73-бабы 1-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген мәселелер бойынша Конституциялық Сотқа өтініш берілген жағдайда тиісінше Қазақстан Республикасы Президентінің қызметіне кірісуі, Құрылтайдың сайланған депутаттарын тіркеу, жалпыхалықтық референдум қорытындысын шығару тоқтатыла тұрады.

2. Конституцияның 73-бабы 1-тармағының 2) және 4) тармақшаларында көрсетілген мәселелер бойынша Конституциялық Сотқа өтініш берілген жағдайда тиісті актілерге қол қою не оларды ратификациялау мерзімінің өтуі тоқтатыла тұрады.

3. Конституциялық Сот өз шешімін конституциялық заңда белгіленген мерзімде шығарады.

#### 75-БАП

1. Конституцияға сәйкес келмейді деп танылған заңдар мен халықаралық шарттарға қол қойылмайды не ратификацияланбайды және олар қолданысқа енгізілмейді.

2. Конституцияға сәйкес келмейді деп танылған, оның ішінде адамның және азаматтың Конституцияда бекітілген құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіреді деп танылған заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілер, олардың жекелеген ережелері Конституциялық Сот шешім қабылдаған күннен немесе ол белгіленген күннен бастап қолданысын тоқтатады және қолданылмауға тиіс.

Конституциялық Сот берген түсіндірмеде Конституцияға сәйкес келеді деп танылған заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілер, олардың жекелеген ережелері осы түсіндірмедегідей қолданылуға тиіс.

3. Конституциялық Сот орындалуы Конституцияға сәйкес келмейді деп таныған халықаралық ұйымдар мен олардың органдарының шешімдері, оның ішінде жекелеген ережелері орындалмауға тиіс.

4. Конституциялық Сот шешімдері қабылданған күнінен бастап күшіне енеді, Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында жалпыға бірдей міндетті, түпкілікті болады және оларға шағым жасалмайды.

## VIII БӨЛІМ

### СОТ ТӨРЕЛІГІ. ПРОКУРАТУРА.

#### ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ТЕТІКТЕРІ

#### 76-БАП

1. Қазақстан Республикасында сот төрелігін сот қана жүзеге асырады.

2. Сот билігі сот ісін жүргізудің заңда белгіленген азаматтық, әкімшілік, қылмыстық және өзге де нысан-дары арқылы жүзеге асырылады. Заңда көзделген жағдайда қылмыстық сот ісін жүргізу алқабилердің қатысуымен өтеді.

3. Қазақстан Республикасының соттары – Жоғарғы Сот, заңмен құрылған жергілікті және басқа да соттар.

4. Қазақстан Республикасының сот жүйесі Конституцияда және конституциялық заңда белгіленеді. Қандай да бір атаумен арнаулы және төтенше соттарды құруға жол берілмейді.

#### 77-БАП

1. Сот билігі Қазақстан Республикасының атынан жүзеге асырылады, ол адамның, азаматтың, ұйымдардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғауды, сондай-ақ Конституцияның, заңдардың, өзге де нормативтік құқықтық актілердің, Қазақстан Республикасы халықаралық шарттарының орындалуын мақсат етеді.

2. Сот билігі Конституцияның, заңдардың, өзге де нормативтік құқықтық актілердің, Қазақстан Республикасы халықаралық шарттарының нормаларын қолдануға байланысты туындайтын барлық істер мен дауларға қолданылады.

3. Сот шешімінің, үкімі мен өзге де қаулысының Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында міндетті күші бар.

#### 78-БАП

1. Судья сот төрелігін іске асыру кезінде тәуелсіз болады және Конституция мен заңға ғана бағынады.

2. Сот төрелігін іске асырған кезде соттың қызметіне мүлдем араласуға болмайды және бұл заң бойынша жауаптылыққа алып келеді. Судьялар нақты істер бойынша есеп бермейді.

3. Судья сот төрелігін іске асыру кезінде мына қағидаттарды басшылыққа алуға тиіс:

1) ешкімнің өзіне заңда көзделген соттылығын оның келісімінсіз өзгертуге болмайды;

2) сотта әр адамның өз сөзін тыңдауға құқығы бар;

3) айыпталушы өзінің кінәсіз екенін дәлелдеуге міндетті емес;

4) адамның кінәлі екеніне қатысты кез келген күмән айыпталушының пайдасына қарастырылады;

5) заңсыз жолмен алынған дәлелдемелердің заңды күші жоқ. Ешкімді өзінің жеке мойындауы негізінде ғана соттауға болмайды;

6) қылмыстық заңды ұқсастығына қарай қолдануға жол берілмейді.

4. Конституцияда белгіленген сот төрелігі қағидаттары Қазақстан Республикасының барлық соттары мен судьяларына ортақ және бірыңғай.

#### 79-БАП

Соттардың адам мен азаматтың Конституцияда бекітілген құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіретін заңдарды және өзге де нормативтік құқықтық актілерді қолдануға құқығы жоқ.

Егер сот қолданылуға тиіс заң немесе өзге де нормативтік құқықтық акт адамның және азаматтың Конституцияда бекітілген құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіреді деп талпса, ол іс жүргізуді тоқтата тұрауға және осы актінің конституциялық емес деп тану туралы ұсынумен Конституциялық Сотқа жүгінуге міндетті.

#### 80-БАП

1. Соттар тұрақты судьялардан тұрады, олардың тәуелсіздігі Конституциямен және заңмен қорғалады. Судьяның өкілеттігі тек қана заңда белгіленген негіздермен тоқтатылуы немесе тоқтатыла тұруы мүмкін.

2. Судьяны қылмыс орнында немесе ауыр және аса ауыр қылмыс жасағанда ұстау жағдайларын қоспағанда, тиісінше Жоғарғы Сот Кеңесінің қорытындысына негізделген Қазақстан Республикасы Президентінің келісімінсіз не Құрылтайдың келісімінсіз оны ұстауға, күштеп ұстауға, күштеп әкелуге, сот тәртібімен қолданылатын әкімшілік жазалауға, қылмыстық жауаптылыққа тартуға болмайды.

3. Қазақстан Республикасы соттарының судьяларына қойылатын талаптар конституциялық заңда айқындалады.

4. Судьяның депутат мандатын қатар алып жүруіне, оқытушылық, ғылыми, шығармашылық қызметтен басқа ақы төленетін лауазымды атқаруына, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруына, коммерциялық ұйымның басқарушы органының немесе байқаушы кеңесінің құрамына кіруіне болмайды.

#### 81-БАП

Соттарды қаржыландыру, судьяларды тұрғын үймен қамтамасыз ету республикалық бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі және сот төрелігін толық әрі тәуелсіз жүзеге асыру мүмкіндігін қамтамасыз етуге тиіс.

#### 82-БАП

Жоғарғы Сот – жергілікті және басқа да соттардың қарауына жататын азаматтық, әкімшілік, қылмыстық және өзге де істер бойынша жоғары сот органы, ол заңда көзделген жағдайда өзінің қарауына жататын сот істерін қарайды және сот практикасы мәселелері бойынша түсіндіру береді.

#### 83-БАП

Жоғарғы Сот Төрағасын Қазақстан Республикасының Президенті Жоғары Сот Кеңесінің ұсынымымен тағайындайды және ол өз өкілеттігі мерзімі ішінде Жоғарғы Сот судьясы да болады. Жоғарғы Сот Төрағасының өкілеттік мерзімі – алты жыл.

Конституцияға сәйкес бір адам бір реттен артық Жоғарғы Сот Төрағасы болып тағайындалмайды.

Жоғарғы Сот судьяларын Құрылтай Жоғары Сот Кеңесінің ұсынымы негізінде Қазақстан Республикасы Президентінің ұсынуымен сайлайды.

2. Жергілікті және басқа да сот судьяларын Қазақстан Республикасының Президенті Жоғары Сот Кеңесінің ұсынымымен тағайындайды.

3. Соттарда конституциялық заңға сәйкес сот алқалары құрылуы мүмкін.

4. Жоғары Сот Кеңесінің Төрағасын Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайды.

5. Жоғары Сот Кеңесінің мәртебесі, құрамын қалыптастыру тәртібі және жұмысын ұйымдастыру заңда айқындалады.

#### 84-БАП

1. Прокуратура мемлекет атынан Қазақстан Республикасының аумағында заңдылықтың сақталуына жоғары қадағалауды заңда белгіленген шекте және нысанда жүзеге асырады, сотта мемлекет мүддесін білдіреді және мемлекет атынан қылмыстық қудалауды жүзеге асырады.

2. Қазақстан Республикасының прокуратурасы орталықтандырылған бірыңғай жүйені құрайды, төмен тұрған прокурорлар жоғары тұрған прокурорларға және Бас Прокурорға бағынады. Ол өз өкілеттігін басқа мемлекеттік органдардан, лауазымды адамдардан тәуелсіз жүзеге асырады және Қазақстан Республикасының Президентіне ғана есеп береді.

3. Бас Прокурорды Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайды. Бас Прокурордың өкілеттік мерзімі – алты жыл.

Конституцияға сәйкес бір адам бір реттен артық Бас Прокурор болып тағайындалмайды.

4. Бас Прокурордың қылмыс орнында немесе ауыр және аса ауыр қылмыс жасағанда ұстау жағдайларын қоспағанда, оны өз өкілеттігі мерзімі ішінде Қазақстан Республикасы Президентінің келісімінсіз ұстауға, күштеп ұстауға, күштеп әкелуге, сот тәртібімен қолданылатын әкімшілік жазалауға, қылмыстық жауаптылыққа тартуға болмайды.

5. Прокурораның құзыреті, қызметінің ұйымдастырылуы мен тәртібі конституциялық заңда айқындалады.

#### 85-БАП

1. Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл адамның және азаматтың бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қалпына келтіруге жәрдемдеседі, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын ілгерілетуге ықпал етеді.

2. Адам құқықтары жөніндегі уәкілді Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайды.

3. Адам құқықтары жөніндегі уәкіл өз өкілеттігін жүзеге асыру кезінде тәуелсіз болады және мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдарға есеп бермейді.

4. Адам құқықтары жөніндегі уәкілді қылмыс орнында немесе ауыр және аса ауыр қылмыс жасағанда ұстау жағдайларын қоспағанда, оны өз өкілеттігі мерзімі ішінде Қазақстан Республикасы Президентінің келісімінсіз ұстауға, күштеп ұстауға, күштеп әкелуге, сот тәртібімен қолданылатын әкімшілік жазалауға, қылмыстық жауаптылыққа тартуға болмайды.

5. Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің құқықтық жағдайы мен қызметін ұйымдастыру конституциялық заңда айқындалады.

#### 86-БАП

1. Қазақстан Республикасындағы адвокатура адамның мемлекет кепілдік берген сот арқылы қорғалу құқығын және заң көмегін алу құқығын іске асыруға жәрдемдеседі. Заң көмегін адвокаттар мен өзге тұлғалар заңға сәйкес көрсетеді.

2. Адвокат қызметін жүзеге асыру тәртібі, адвокат құқықтары, міндеттері мен жауаптылығы заңда айқындалады.

#### IX БӨЛІМ

### ЖЕРГІЛІК МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ ЖӘНЕ ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУ

#### 87-БАП

Жергілікті мемлекеттік басқаруды тиісті аумақтағы ахуалдың жай-күйіне жауапты жергілікті өкілді және атқарушы органдар жүзеге асырады.

#### 88-БАП

1. Жергілікті өкілді органдар – мәслихаттар тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік халқының ерік-мүддесін білдіреді және жалпымемлекеттік мүдделерді ескере отырып, оны іске асыруға қажетті шараларды айқындайды, олардың жүзеге асырылуын бақылайды.

2. Мәслихаттарды халық жалпыға бірдей, тең, төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы бес жыл мерзімге сайлайды.

3. Қазақстан Республикасының жиырма жасқа толған азаматы мәслихат депутаты болып сайлана алады. Қазақстан Республикасының азаматы бір ғана мәслихаттың депутаты бола алады.

4. Мәслихаттардың қарауына:

1) аумақты дамытудың жоспарларын, экономикалық және әлеуметтік бағдарламаларын, жергілікті бюджетті және олардың атқарылуы туралы есептерді бекіту;

2) өз қарауына жатқызылған жергілікті әкімшілік-аумақтық құрылыс мәселелерін шешу;

3) заңмен мәслихат құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша жергілікті атқарушы орган басшыларының есебін қарау;

4) мәслихаттың тұрақты комиссияларын және өзге де жұмыс органдарын құру, олардың қызметі туралы есепті тыңдау, мәслихат жұмысын ұйымдастыруға байланысты өзге де мәселелерді шешу;

5) заңға сәйкес Қазақстан Республикасы азаматтарының құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету жөніндегі өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру жатады.

5. Мәслихаттың өкілеттігін Қазақстан Республикасының Президенті Премьер-Министрмен және Құрылтай Төрағасымен консультациядан кейін мерзімінен бұрын тоқтатады, сондай-ақ оның өкілеттігі мәслихат өзін-өзі тарату туралы шешім қабылдаған жағдайда мерзімінен бұрын тоқтатылады.

6. Мәслихаттардың құзыреті, ұйымдастырылу және қызмет тәртібі, депутаттардың құқықтық жағдайы заңда белгіленеді.

#### 89-БАП

1. Жергілікті атқарушы органдар Қазақстан Республикасы атқарушы органдарының біртұтас жүйесіне кіреді, атқарушы биліктің жалпымемлекеттік саясатын тиісті аумақты дамыту мүддесімен және қажеттілігімен үйлестіре жүргізуді қамтамасыз етеді.

2. Жергілікті атқарушы органдардың қарауына:

1) аумақты дамытудың жоспарларын, экономикалық және әлеуметтік бағдарламаларын, жергілікті бюджетті әзірлеу мен олардың атқарылуын қамтамасыз ету;

2) коммуналдық меншікті басқару;

3) жергілікті атқарушы орган басшыларын тағайындау және лауазымынан босату, жергілікті атқарушы органдардың жұмысын ұйымдастыруға байланысты өзге де мәселелерді шешу;

4) жергілікті атқарушы органдарға заңмен жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде жүзеге асыру жатады.

3. Жергілікті атқарушы органды тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің әкімі басқарады, ол Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметтің өкілі болып табылады.

4. Астана, облыс, республикалық маңызы бар қала әкімдерін Қазақстан Республикасының Президенті тиісінше астана мәслихаты, облыс аумағындағы мәслихаттар, республикалық маңызы бар қала мәслихаты депутаттарының келісімімен тағайындайды.

Қазақстан Республикасының Президенті кемінде екі кандидатураны ұсынады, олар дауысқа салынады. Дауыс беруге қатысқан мәслихат депутаттарының көпшілік дауысын алған кандидат келісім алды деп саналады.

Өзге әкімшілік-аумақтық бірлік әкімдері заңда айқындалатын тәртіппен тағайындалады немесе сайланады, сондай-ақ лауазымынан босатылады. Қазақстан Республикасының Президенті өз ұйғаруымен астана, облыс, республикалық маңызы бар қала әкімдерін лауазымынан босатуға құқылы.

5. Мәслихат депутаттарының жалпы санының кемінде бестен бірінші бастамасымен әкімге сенімсіздік вотумын білдіру мәселесі қойылуы мүмкін. Бұл жағдайда мәслихат өз депутаттарының жұмыс санының көпшілік дауысымен әкімге сенімсіздік білдіруге және оны лауазымынан босату мәселесін тиісінше астана, облыс, республикалық маңызы бар қала әкімдеріне қатысты – Қазақстан Республикасы Президентінің алдына не өзге

де әкімшілік-аумақтық бірлік әкімдеріне қатысты – жоғары тұрған әкімнің алдына қоюға құқылы. Астана, облыс, республикалық маңызы бар қала әкімдерінің өкілеттігі жаңадан сайланған Қазақстан Республикасының Президенті өз қызметіне кіріскен кезде тоқтатылады.

6. Жергілікті атқарушы органдардың құзыреті, ұйымдастырылу және қызмет тәртібі заңда белгіленеді.

#### 90-БАП

## КЕЗДЕСУ

БІЛІМ БЕРУ САПАСЫН АРТТЫРУ МЕН БОЛАШАҚ  
ЖОЛЫНДАҒЫ МАҢЫЗДЫ КЕЗДЕСУЛЕР ӨТТІ

М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті – оқу, ғылыми-инновациялық даму, тәрбие бағыттарымен қатар, өңірдің экономикалық, әлеуметтік және мәдени тіршілігімен тығыз байланысты. Университет көптеген мамандықтар бойынша мамандарды үш сатылы даярлауды іске асырып, аймақтың жоғары білікті мамандарға қажеттілігін қамтамасыз етіп келеді.

Елімізде жоғары білім, ғылым саласы жаңа қарқын алды. Бүгінде ғылымды дамытуға бағытталған үрдістер қалыптасты. Еліміздің экономикалық дамуы өңірлік ғылымды дамытумен тікелей ұштасып жатыр.

Үстіміздегі жылдың ақпан айының 19-нан бастап жаңадан тағайындалған М.Х. Дулати атындағы Тараз университетінің басқарма Төрағасы – Ректор Ләззат Еркінбаева жоғарғы оқу орны факультеттерінің білім беру сапасын арттыру, ғылыми әлеуетін күшейту және стратегиялық даму бағыттарын айқындау арқылы ашық диалог алаңын қалыптастыру, сонымен қатар, алдағы республикалық референдум аясында ұсынылған конституциялық өзгерістерді түсіндіру мақсатында университеттің 6 факультетінің профессор-оқытушылар құрамымен кездесулер өткізді.

Басқарма Төрағасы – Ректор Ләззат Еркінбаева кездесулер барысында ел дамуының жаңа кезеңін айқындайтын саяси бастамалар аясындағы ашық әрі мазмұнды пікір алмасудың маңызын ерекше атап өтті. Еліміздің басты құжатында білім, ғылым және инновация ұзақ мерзімді стратегиялық басымдықтар ретінде айқындалып отырғанына, адами капитал бірінші орынға қойылып, мемлекеттің басты байлығы – жер қойнауындағы ресурстар емес, білімді, білікті жас ұрпақ екені нақты көрсетілгендігіне тоқталып, осы маңызды тұжырымдарды кездесу барысында кеңінен тарақатып айтылды.

Университет – тек білім мен ғылымның ордасы ғана емес, ел болашағына бейжай қарамайтын, саналы да жауапты азаматтарды қалыптастыратын тағлымды орта екенін сөз етті. Ректор профессор-оқытушылар құрамында белсенділік танытуға, өз көзқарасын еркін білдіруге және мемлекет дамуындағы өз орнын сезінуге шақырды. Ашық диалог алаңы әрбір ұстазға ой-пікірін саралап, болашақ шешімдерге саналы түрде қатысуға мүмкіндік беретіні атап өтілді.

Сондай-ақ, жиын барысында оқу

үдерісін жетілдіру мәселелері кеңінен талқыланды.

Университет басшысы факультеттердің қазіргі жағдай мен жетістіктеріне тоқталып, білім беру бағдарламаларын жаңарту және жетілдіру мәселесіне тереңірек тоқталуда. Атап айтқанда, оқу үдерісінің сапасын арттыру мақсатында әдістемелік қолдау тетіктерін кеңейту, заманауи талаптарға сай зертханалар ашу және оларды жаңа технологиялық құрал-



жабдықтармен қамтамасыз ету, лингвистикалық кабинеттерін жаңғырту, заманауи интерактивті тақталармен қамтамасыз ету, оқу аудиторияларын жаңа технологиялық құрал-жабдықтармен толықтыру, өндіріс пен білім беру арасындағы байланыстарды нығайту, студенттердің практикалық дағдыларын жетілдіру – басты міндеттердің бірі екендігі айтылды.

Білім беру мен ғылымды ұштастыру, өндіріс орындарымен байланыс орнату және дуалды оқыту элементтерін енгізу бағытындағы жұмыстарды жүйелеу мәселелері көтерілді.

Университетке қосымша қаржы көздерін тарту, ғылыми жобаларды гранттық қаржыландыруға ұсыну, инвесторлармен әріптестік орнату арқылы материалдық-техникалық базаны нығайту

міндеттері белгіленді. Білім беру бағдарламаларының бағыты бойынша магистратура және докторантура бөлімдерін ашу, ғылыми кадрлар даярлау ісін күшейту қажеттігі атап өтілді.

Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік жобаларды кеңейту арқылы университеттің халықаралық беделін арттыру, биотехнология, робототехника, жасанды интеллект және ақпараттық технологиялар бағытындағы білім беру бағдарламаларын жетілдіру, студенттердің шығармашылық әлеуетін дамыту университеттің стратегиялық басымдықтарының бірі екендігіне де тоқталды.

Педагогикалық жүктемелердің көптігі салдарынан оқытушылардың шығармашылық және ғылыми жұмыстарға уақыт



халықаралық, республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияларды көптеп өткізу тапсырылды.

Жаңа енгізілген педагогикалық инновациялар адамның кәсіптік қызметінің бәріне де тән болғандықтан, ол ғылыми түрде зерттеудің, талдаудың және тәжірибеге енгізудің нысанасына айналуы шарт. Осындай жүйелі жұмыстарды мақсатты іске асыру бағытында ғылыми ізденістердің, жекелеген мұғалімдер мен тұтас ұжымның озық педагогикалық тәжірибесін мектептермен, педагогикалық колледждермен сабақтастыру мақсатында дуалды оқыту жүйесін іске асыру жұмыстары кеңейтіліп, педагогика саласы бағытында білім мен ғылым саласындағы инновациялар пилоттық жобалары негізінде жүзеге асыру міндеттелді.

Кездесу барысында университеттің, сондай-ақ факультеттердің қалыптасу тарихы мен жетістіктері сөз болды.

Университет қабырғасынан шыққан белгілі ғалымдар мен қоғам қайраткерлерінің оқу орнының абыройын арттыруға үлес қосқаны айтылып, осы орайда, факультет пен университеттің беделін одан әрі арттыру, нығайту бағытындағы жұмыстарды жүйелі жалғастыру қажеттігі де назардан тыс қалмады.

Кездесу жиындары ашық форматта өтіп, профессор-оқытушылар құрамы білім беру бағдарламаларын жетілдіру, ғылыми жобаларды дамыту және заманауи технологияларды енгізу бойынша ұсыныстарын білдірді.

Университет басшысы айтылған пікірлерді назарға алып, жауапты тұлғаларға нақты тапсырмалар жүктетті.

Қазіргі таңда білім сапасын арттырудың басым бағыттары айқындалып, көтерілген мәселелерге байланысты және

алдағы кезеңге арналған нақты жұмыстар зерделеніп, жұмыс жоспарлары белгіленді.

Айта кету керек, Дулати университетінің тарихы 1958 жылдан бастау алады. Алғашында «Жамбыл жеңіл және тамақ өнеркәсібі технологиясы» институты болып құрылған. 1962 жылы Алматы қаласындағы Қазақ ауылшаруашылық институтының гидромелиоративтік факультеті негізінде «Жамбыл гидромелиоративтік-құрылыс» институты ашылды. 1963 жылы «Қазақ химия-технологиялық институты филиалының негізінде «Жамбыл жеңіл және тамақ өнеркәсібі технологиялық» институты құрылды. 1996 жылы Жамбыл педагогикалық институты негізінде Жамбыл университеті іске кірісті. Ал 1997 жылы Жамбыл университетіне Мұхаммед Хайдар Дулатидің есімі берілді. 1998 жылы – Жамбыл университеті, Жамбыл жеңіл және тамақ өнеркәсібі технологиялық институты және Жамбыл гидромелиоративтік-құрылыс институты бірігуі негізінде М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті ашылды. 2020 жылдан бастап М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті болып аталған жоғарғы оқу орны 2024 жылдан бері М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті болып қайта құрылды.

Университетте 2024 жылдың қыркүйегі айынан бастап Д.И. Менделеев атындағы Ресей химия-технологиялық университетінің (РХТУ) филиалы ашылды. Сонымен қатар Менделеев сыныптары ашылып, 9,10,11 сыныптарды тереңдетіп оқытуға арналған білім бағдарламалары жүзеге асуда.

Университетте 6 факультет, 1 колледж жұмыс істейді.

## ЖАМБЫЛ ЖАБАЕВҚА – 180 ЖЫЛ

## ЖЫРДАН ЖАРАЛҒАН ТҰЛҒА

Биыл қазақтың қара өлеңін кие тұтқан, асыл жырлармен туған елі мен әлем халықтарының махаббатына бөленген жыр алыбы Жамбыл Жабаевтың туғанына 180 жыл толды.



Бұл мерейтойдың шоқтығы әсіресе ұлы ақынның есімін иеленген киелі Жамбыл облысы үшін биік. Тараз топырағы мен Әулиеата өңірі – Жамбыл бабамыздың ізі қалған, оның жырлары жаңғырған қасиетті мекен.

Жақында Дулати университетінің Кітапханалық-ақпараттық орталығының №6 оқу залы мен «Музыка және көркемдік білім» кафедрасы студенттерінің ұйымдастыруымен айтулы мерейтойға орай «Жырдан жаралған тұлға» атты әдеби-сазды кеш өтті.

Кештің мақсаты – ақын мұрасын кеңінен насихаттау, оқырман қауымға оның шығармашылығы мен дүние танымын таныстыру, рухани құндылықтарды дәріптеу. Жамбыл Жабаевтың өлеңдерін халыққа кең таралуының мәні және оның өміршеңдігінің сыры неде екенін таныту, сезіндіру, ақынның өлеңдерін көпшілік назарына ұсыну.

Халық поэзиясының алыбы атанған Жамбыл Жабаевқа арналған әдеби кеш ақын өмірі мен шығармашылығына арналған бейнероликтен басталды.

Ақынның өмірі жайлы үзіндіден кейін Жамбылдың 14 жасында жырдың пірі Сүйінбай ақыннан бата алғаны мен Сүйінбайдың өз домбырасын Жамбылға тарту еткен тұсы, Жамбыл мен Құлмамбет айтысы экранда көрсетілді.

Сахнада «Музыка және көркемдік білім» кафедра-

сының 2 курс студенттері Рысбай Мейрамбек, Амангелді Ұлан, Абдуалиев Диас, Шарден Асылай, Асан Расул «Жамбыл оқуларын» насихаттап, ақын өлеңдерін оқыды, домбырамен жырдан шашу шашып, күмбірлеті күй төкті.

Іс-шара барысында Ұлы Отан соғысы жылдарында әскерлерге рух берген Жамбылдың «Ленинградтық өрнім» өлеңіне ерекше тоқталып, арнайы сюжеттер көрсетілді. Аталған өлеңді 2 курс студенті Ұлан Аружан жатқа оқыды.

Жамбыл – жай ғана тарих емес. Бұл – бүгінгі күнге дейін жүрегімізде жаңғырып келе жатқан Ұлы Даланың тірі жаны. Ақынның мұрасы уақыт өткен сайын өзектілігін жоғалтпай, ұрпақтан-ұрпаққа рухани азық болып келе жатыр.

Кеш соңында «Қорды ұйымдастыру және сақтау» бөлімінің басшысы Г. Бакбердиева кешті ұйымдастырушыларға, студенттерге алғысын білдіріп, ризашылығын жеткізді.

Гулсара БАҚБЕРДИЕВА  
М.Х. Дулати атындағы Тараз университетінің  
Кітапханалық-ақпараттық орталығының  
«Қорды ұйымдастыру және сақтау»  
бөлімінің басшысы

МЕЖДУНАРОДНАЯ ЗИМНЯЯ  
ШКОЛА – 2026

В Таразском университете имени М. Х. Дулати стартовала Международная Зимняя школа на тему «Образование в эпоху искусственного интеллекта: проблемы и перспективы».

Мероприятие проходит при участии Южно-Казахстанского научно-исследовательского университета имени М. Ауэзова и Ташкентского государственного юридического университета.

Актуальность темы Зимней школы отражает ключевые идеи Послания Президента Республики Казахстан, где искусственный интеллект обозначен как важное направление развития образования и научного потенциала страны.

Зимняя школа направлена на распространение современных научных знаний и развитие исследовательской культуры в сфере образования. Основной целью мероприятия является повышение профессиональной компетентности педагогов, учителей в области научных исследований, обработки данных, реализации образовательных и научных проектов, а также в осмыслении роли искусственного интеллекта в современном образовании.

В течение нескольких дней участники смогут посетить лекции и мастер-классы ведущих специалистов из университетов стран-участниц Болонского процесса, учителей школ разного типа. В работе Зимней школы принимают участие доктора наук, преподаватели вузов, студенты выпускных курсов, а также учителя общеобразовательных школ. Уже в первый день с лекциями выступили известные ученые и практики: В. И. Аннушкин, А. Г. Жукова, Н.В. Возмищева и другие специалисты.

Программа охватывает широкий круг тем: от цифровой трансформации образования и использования искусственного интеллекта в преподавании языков и литературы до вопросов риторики, межкультурной коммуникации, психологии, когнитивных исследований и методики обучения. Особое внимание в рамках Зимней школы

уделяется изучению искусственного интеллекта как инструмента обучения и научного анализа.

Целью его изучения является формирование у педагогов-исследователей и учителей целостного представления о возможностях, ограничениях и рисках применения ИИ в образовательном процессе, а также подготовка специалистов к эффективной профессиональной деятельности в условиях цифровой трансформации образования.

Среди ключевых задач этого направления – формирование навыков осознанного и этичного использования ИИ, развитие критического мышления при работе с текстами, созданными искусственным интеллектом, освоение цифровых технологий для персонализации обучения и повышение качества преподавания.

Зимняя школа проходит в интерактивном режиме: слушатели проявляют высокий интерес не только к представленному материалу, но и к активному обсуждению, обмену мнениями и профессиональному диалогу со спикерами.

Организаторами Международной Зимней школы выступили завкафедрой «Русский язык и литература» Алтаева Г. А., доценты Аладына А. А., Минайдарова М. Е., старшие преподаватели Мыханова Ж. Б., Шарипова Г. С., Сарсембек Ж. Г., Омаркулова Л. К.

Проведение Международной Зимней школы подчеркивает актуальность диалога между традиционным образованием и современными цифровыми технологиями и становится важной площадкой для профессионального обмена, научного сотрудничества и формирования педагогических стратегий будущего, в котором искусственный интеллект будет выступать интеллектуальным союзником педагога.

Ангелина Алексеевна Аладына  
Доцент кафедры «Русского  
языка и литературы»